



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БИЛІК БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМУЫҒА БЕТ БҰРМАҚ



Әлемде бұқаралық спорттың негізін мектеп және студенттік спорт құрайды. Өйткені, бұл бағыт өскелең ұрпақтың денсаулығын қамтамасыз етіп қана қоймай, жастардың өзіне қол салуы, нашақорлық және балалар қылмысы сынды көптеген әлеуметтік мәселелерді шешеді. Өкінішке орай, Қазақстанда спорттың осы бір мүмкіндігін талапқа сай пайдаланбай отыр. Себебі елімізде мектеп спортының жүйесі қалыптаспаған. Оған білім ордаларында спорттық инфрақұрылымдардың жеткіліксіздігі себеп. Бұл жөнінде осы сейсенбіде Парламент Мәжілісінде өткен «Бұқаралық және балалар спортын дамыту – салауатты ұлтты қалыптастыру негізі» деген тақырыпта өткен кеңейтілген отырыста Қазақстанның мектеп спорты федерациясының бас директоры Зейнолла Ақан мәлімдеді.

(Соңы 5-бетте)



ЖАҢАДАН ТАБЫЛҒАН ЖӘДІГЕР СУРЕТ

3-бет



ТӨБЕ БИ

8-бет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ – 30 ЖЫЛ

МӘСЕЛЕ

«МЕНИҢ ЖЕТІСТІГІМ – ЕЛІМНІҢ ЖЕТІСТІГІ»

Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі жалпыреспубликалық іс-шаралар жоспарына сәйкес, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі олардың уақытылы және сапалы өткізілуін қамтамасыз ететін болады. Бұл туралы министр өткен жыл мен биылғы 1 тоқсандағы жұмысты қорытындылауға арналған халық алдындағы есепті кездесуінде айтты.

А. Райымқұлованың сөзіне қарағанда, мерейтойлық әрбір шара ұлттық мәдениетті ілгерілетуге және дәстүрлерді жаңғыртуға, салауатты өмір салтын насихаттауға, бұқаралық спортты, оның ішінде ұлттық спорт түрлерін дамытуға, сондай-ақ елдің туристік тартымдылығын арттыруға бағытталған. Мысалы, 78 маңызды іс-шаралардан тұратын жалпыреспубликалық іс-шаралар жоспарына сәйкес ақпан айы «Қазақстан – спорттық ұлт» атауымен өтті. Оның шеңберінде 150-ден астам спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізіліп, «Менің Тәуелсіздікке үлесім» акциясы және «Менің жетістігім – елімнің жетістігі» челленджі іске қосылды.

(Соңы 5-бетте)

САПАЛЫ ТАУАРДЫ АЖЫРАТУҒА ДА САУАТ ҚАЖЕТ

Бүгінде Instagram әлеуметтік желісінің қолданушылары танымал Бадамдар мен блогерлердің жарнамалық жазбаларынан көз ашпайтын болды. Миллионнан астам жазылымы бар жұлдыздар оқырмандарына түрлі киімдер, әшекей бұйымдар мен өзге де дүниелерді жарнамалап табысқа кенелуде. Одан қалды үйде отырып, онлайн табыс табуға болады деп сендіріп жүр. Бірақ жарнама жасап, қалтасын қалыңдатып жүргендер жарнамалаған дүниелерінің сапасына қаншалықты жауапты? Ақша үшін алаяқтық жасап, сапасыз тауар туралы жарнама жасағандардың жауаптылығы қандай?

Өңгімемізді әріден бастасaq. Қазақстанға «жарнама» термині ислам өркениетінің гүлденген дәуірі IX-XII ғасырларда келген екен. Бұған қалалар тізбегінің Ұлы Жібек Жолының бойында орнала-

суы қатты әсер етіпті. Сол кезеңдерде көпестер, сапырылсқан сауда алаңдарында жаршылар өз өнімдерін, бар өнерін жан сала жарнамалаған. Қазіргі мағынадағы жарнама Қазақстанда 1920

жылдардағы жаңа экономикалық саясат кезінде пайда болыпты. Алайда, бұл жарнама бүгінгі ұғымдағы «жарнама» ауылынан әлі де алыста еді. Өйткені, қазіргі таңда әлеуметтік, экономикалық тыныс-тіршілігімізді жарнамасыз көзге елестету қиын. Тіпті жаһанды жарнама жаулап алған заман болды десек артық айтқандық болмас.

Жарнама өзінің негізгі міндетін орындау үшін сатып алушылардың назарын аударуға, жүрегін жаулауға тырысады. Содан кейін оларды еліктіреді. Ақырында тауар алуға мәжбүр етеді. Яғни, сауданың көрігін қыздырып, өтімділігін өкіртетін әріне жарнама екені рас. Бүгінде жарнаманың түр-түрі бар. Ал желідегі жарнаманың орны мүлде бөлек.

(Соңы 3-бетте)

ЖАЛҒАН ЖАРНАМАНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ҚАНДАЙ?

Нұрболат АЙЕКЕШОВ, әлеуметтанушы:

– Табыс табудың жолын білсең, қандай жұмысты да дамытып алып кетуге болады. Бірақ бүгінде интернет арқылы алаяқтықпен айналысып, ақша табатындардың қатары көбейді. Қарапайым халықты өтірік жарнамалармен, ұтыс ойындарымен алдап, тақырға отырғызып кететіндердің саны артты. Жеңіл пайда жақсылық әкелмейтінін әрқашан ескерген жөн. Әсіресе, «ешқайда шықпай-ақ, үйде отырып табыс тапқыңыз келе ме?» деген жарнамалар әлеуметтік желілерде желдей есіп жүр. Ал көрген көз қызыға қарайтын блогерлер мен танымал жұлдыздардың парақшасынан осы тектес жарнамаларды көргендер, әрине, оған сенеді. Сенгені сонша, ақшаларын қалай салып жібергендерін білмей де қалады.

Қазіргі таңда әлеуметтік желіні ашып қалсақ, үйден шықпай-ақ тауарларын сатқан, киім-кешек пен әшекей-бұйымдарға толы, үйде отырып ақша табуға шақырған, қолына бір бума ақша ұстап отырып, құмар ойындарға үндейтін жарнамалардан көз сүрінеді. Ендеше қарапайым халықтың қалтасын қағып, алаяқтық жолмен табыс тауып, сапасыз тауарларды жарнамалап жүргендердің жауаптылығын қалай арттырамыз?

Айжан МОЛДАҒАЛИЕВА, Алматы қаласы заңгерлер палатасының мүшесі, заңгер:

– Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы «Жарнама туралы» заңында жарнамаға қатысты жарнама беруші мен жарнамалаушының тікелей құқықтары мен міндеттері заң аясында реттелмеген. Заңда жалпы жарнамаға қойылатын талаптар, жекелеген өнім түрлерін жарнамалаудың ерекшеліктері, жарнама саласындағы мемлекеттік органдардың құзыреті қарастырылған. Жалған немесе сапасыз жарнама жасағандар үшін заңнамада айыппұл салынады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 157-бабына сәйкес, пайдакүнемдік пиғылмен жасалған және ірі залал келтірген, жарнама берушінің жарнамада тауарларға, жұмыстарға не көрсетілетін қызметтерге, сондай-ақ, оларды өндірушілерге, орындаушыларға немесе сатушыларға қатысты көрінеу жалған ақпаратты пайдалануы жеке тұлғаларға 100 АЕК, яғни 291 700 теңге көлемінде айыппұл белгіленеді.

(Соңы 3-бетте)

ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІПТІҢ ТӘЛІМГЕРЛЕРІ

Білім мен ғылымның дамуы – адамзат өркениетінің өлшемі, сапалы білім – жарқын болашағымыздың кепілі. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жастардың дамуы және оларды қолдау мақсатында іс-шаралар жүргізу және бағдарламалар әзірлеу керек екендігіне ерекше көңіл бөліп келеді. Себебі, мемлекеттің болашағы – дәл осы жастар.

Жаңа онжылдықта бізге демократиялық мемлекеттегі құқық қорғау қызметінің жоғары халықаралық стандарттарына сәйкес келетін жаңа құқық қорғау жүйесі қажет және «Менің полициям мені қорғайды» деген ұғым бүгінгі күннің ұранына айналуы тиіс екендігін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында баса ескерткен болатын. Бойына борыш пен намысты, ар мен адалдықты серік етіп, қоғамымыздағы тыныштықты сақтауды парыз тұтатын болашақ патриот, маман тәрбиелеу – бәрінен жауапты іс.

Осы тұрғыда, М.Есболатов атындағы ҚР ПМ академиясы – болашақ құқық қорғау мамандарын даярлау ісінде мол тәжірибесі қалыптасқан оқу орны. Талапты білімгердің таңдаған мамандығын игеруінде теориялық білім мен кәсіптік тәжірибенің дұрыс үштасуы маңызды рөл атқарады. Аталмыш оқу орнында білікті тәжірибелі оқытушылар құрамы тәлім беруде.

Қазақстандық болашақ полиция кадрларын даярлауға қатысты біз бірқатар жетістіктерге қол жеткіздік, атап айтсақ, ең алдымен, болашақ құқық қорғау мамандарын патриоттық рухта тәрбиелеу мәселесі жолға қойылды. Бұл бағытта тәжірибелі қызметкерлер, ұстаздар, өзінің озық ғылыми педагогикалық тұрғыдан осы саланы өркендетуге ұмтылған азаматтардан құрылған арнайы тәлімгерлік институт қызметінің негізі қаланды десек те болады. Бұл бастама болашақ ішкі істер органдары қызметкерлерін кәсіби біліктілік пен адамгершілікке баулып қана қоймай олардың мемлекетшілдік, патриоттық сезімдерін қалыптастыруға да үлес қосады деген сенім мол.

Басты міндетіміз – Отанын шексіз сүйетін ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу. Еліміздің тыныштығын



Алия БАЙСЕИТОВА,
ҚР ПМ М.Есболатов атындағы
Алматы академия бастығының
орынбасары, заң ғылымдарының докторы,
қауымдастырылған профессор,
полиция полковнигі

қорғап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету – қасиетті борыш, жоғары жауапкершілік. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Адамдар полиция қызметкерлерін өздерінің қорғаушысы ретінде танып, өз қауіпсіздіктерін сезінулері тиіс» деген сөзі халық алдында адал қызмет етуге ант берген қатардағы әрбір тәртіп сақшысына үлкен жауапкершілік жүктейді. Президент Қ.Тоқаевтың 2020 жылдың 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару қажет. Азаматтар мүддесіне қызмет ететін мемлекеттің

жаңа стандарттарын әзірлеу үшін көп жұмыс атқаруымыз керек» екенін нақтылап өтті. Қазіргі кезеңде Ішкі істер министрі, полиция генерал-лейтенанты Е.З.Тұрғымбаевтың басшылығымен құқық қорғау органдарын реформалау бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде. Осыған орай, Алматы полиция академиясында жаңа оқу жүйесі мен нысандары заманауи формат бойынша жаңартылды. Мемлекеттік басқару мамандығы бойынша ІІО басшы құрамын даярлаудың бірінші факультеті және орта басшы құрамын даярлау бойынша екінші факультеті ашылды. Сонымен қатар, сабақ жүргізу барысында ІІО жаңа реформалары бойынша дәріс сабақтарына тәжірибелі қызметкерлерді тарту арқылы ұйымдастырылды. Осаған орай, қылмыстық сот өндірісінің үш буынды моделі туралы Алматы қаласы прокурорының орынбасары, аға әділет кеңесшісі Н. Ыбраймолдаев пен Алматы қаласы прокуратура бөлімшесінің бастығы, әділет кеңесшісі А.Салыхов дәрісінде тәжірибедегі қолданысты енгізу мәселелері бойынша баяндады.

Қара шаңырақтан тәлім алып, еліміздің түкпір-түкпіріне қанат қаққан әрбір түлегіміз білімдерін өскелең ұрпаққа, өз халқының игілігіне арнайтыны ақиқат. Бұл оқу орны әрбір жас буынның жігерін жанып, білімін шыңдап, ғылымға бетбұрыс жасауына үлкен үлес қосуда. Біздің шәкірттеріміз – мамандыққа адалдықты жастайынан бойына сіңірген жалынды жастар. Тәжірибелік тағылымдамадан өту барысында 4-курс курсанты Қошқаров Абзалдың қоғамдық құқықбұзушылықтарды жедел ашуға атсалысып, академия басшылығының атына Нұр-Сұлтан қаласының тұрғынынан алғыс хат келіп түсті.

«Өткенге қарап басамызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» демекші, бүгінгі курсант – ертеңгі жас маман. Қай мамандық болмасын, өз ісіннің асқан шебері болуға тырысқан дұрыс. Ал білімі бар, патриоттық сезімі жетерлік, іскер, мақсатшыл, ерік-жігері мығым болу – бұл ішкі істер органдарының болашақ қызметкерлеріне қойылатын басты талап.

БІТІМ

ОТБАСЫ ДАУЛАРЫНДА МӘМІЛЕГЕ КЕЛУ МАҢЫЗДЫ



Айкерім ТЕЛЕСБАЕВА,
Байзақ аудандық сотының
судьясы

Қазақстан Республикасы судьяларының VIII съезінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сот төрелігінің әділ және заңды жүзеге асырылуына мемлекет те, бүкіл қоғам да мүдделі екенін жеткізді. Яғни, «адам құқықтары мен заң үстемдігін қамтамасыз ету, әділ сот төрелігі және азаматтардың сот билігіне деген сенімін арттыру міндет».

Жалпы, отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтар күрделі әлеуметтік проблемалардың қатарына жатады. Тұрмыстық жанжал – бұл мүдделер қақтығысы, заң бұзушы мен жәбірленушінің арасындағы жеке-тұрмыстық (ерлі-зайыптылар, туыстар, көршілер) немесе қоғам-

дық-тұрмыстық (жолаушы-кондуктор, сатып алушы-сатушы) қатынастарымен байланысты өткір қайшылық, сонымен қатар тұрмыстық қылмыстың негізгі белгілерінің бірі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы (әрі қарай- ӘҚБтК) 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Кодексінің 10-тарауында жеке бастың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар көрсетілген.

Құқық бұзушы отбасы-тұрмыстық қатынастарындағы адамдарды сыйламай, былапыт сөйлеп, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, ескерту жасауға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады, ал әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

Сонымен бірге, ӘҚБтК-нің 50-бабына сай, әкімшілік қамаққа алынбайтын тұлғаларға: жүкті әйелдер және он төрт жасқа дейінгі балалары бар әйелдер, он сегіз жасқа толмаған адамдар, 1 және 2-топтағы мүгедектер, сондай-ақ, елу сегіз жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастан асқан еркектер және он төрт жасқа толмаған

балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер жатады және оларға мұндай заң бұзушылықтары үшін 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

Тән ауруына ұшыратқан, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасау 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алынуға алып келеді.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттер ескерту жасауға немесе он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

Егер, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде бұл әрекет қайталанса, ол адам бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алынады.

ӘҚБтК-нің 64-бабының 1-бөлігіне сай, 73, 73-1, 73-2, баптары бойынша көзделген әкімшілік құқық-бұзушылық туралы істер жәбірленушінің арызы бойынша ғана қозғалады және ол әкімшілік құқық-бұзушылық жасаған тұлғамен татуласқаннан кейін тоқтатылуға жатады да, ӘҚБтК-нің 741-бабының 1-бөлігінің 12) тармағы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді бастауға болмайды, ал басталған іс тоқтатылуға жатып, әкімшілік жауаптылықтан босатылады.

Байзақ аудандық сотындағы

ҚҰҚЫҚ

ЖЕГІ ҚҰРТ

ЖЕМҚОРДЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛДІ

Ақтөбеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметкері 12 жылға сотталды. Бұған қоса сот оны мемлекеттік қызметте өмір бойына қызмет ету құқығынан айырды.

Іс Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында қаралды. Тергеу органдары сотталушыға Қылмыстық кодекстің «алаяқтық» және «пара беруге итермелеу» баптары бойынша айып тақты. Сот құжаттарына қарағанда, 2018 жылдың 4 сәуірі мен 2019 жылдың 23 қаңтары аралығында Ақтөбе облысының мемлекеттік кірістер департаментінің қызметкерлері «КазПромСтройГрупп» ЖШС-не салықтық тексеру жүргізген. Сол кезде серіктестіктің салық заңнамасын бұзғаны анықталып, оған 1 млрд теңгеден астам қосымша есептелген салық пен өсімақы салынған. Сотталушы кәсіпорынды салық инспекторларының тексергені жөнінде естиді. Сөйтіп, 2019 жылдың наурыз айында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыстық департаменттің аға офицері серіктестіктің иесіне хабарласып, қосымша есептелген салық пен өсімақыны 100 миллион теңгеге дейін төмендететіндігін айтады. Бұл қызметі үшін кәсіпкерден 200 млн теңге пара сұраған. Алайда, серіктестік иесі ұсыныстан бас тартып, салық инспекторларының заңсыз әрекеті жөнінде сотқа шағым түсіреді. Осыдан соң сотталушы кәсіпкерге қайта хабарласып, Жоғары соттағы таныс судьялары арқылы мәселені шешіп беретіндігін айтады. Бұл жолы ол «КазПромСтройГрупп» ЖШС иесінен сыйақы ретінде 100 млн теңге талап етіп, ұсыныстан бас тартқан жағдайда оған 1 млрд теңгеден астам қосымша есептелген салық пен өсімақы төлеуге тура келетіндігін айтады. Серіктестік иесі оның айтқанына көніп, 60 миллион теңге берген. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде сотталушы өзінің кінәсін мойындаған. Алайда сот отырысы кезінде ол пара алмағанын айтып, ант-сү ішті. Айтуынша, жәбірленуші оның үстінен 60 млн теңгені иеленгені жөнінде шағым түсіріп, қокан-лоққы жасаған. Өзінің бар айыбы – 2019 жылдың аяғында кәсіпкерді Президент істері басқармасында жұмыс істейтін қызметкерлермен таныстырған. Кейін олардың серіктестік иесінен 120 млн теңге алғанын естіген.

– Тергеуші сотқа дейінгі тергеу кезінде алаяқтық жасағанымды мойындасам, «пара беруге итермелеу» бабы бойынша іс қозғайтын деп айтты. Сол себепті кінәмді мойындауға тура келді. Қылмыс жасаған жоқпын, мені ақтауыңызды сұраймын, – деді ол сотта.

Сотта жәбірленуші Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті қызметкеріне 3 миллион теңгеге жер алып бергенін жайып салды. Кәсіпкер оған пара беруі үшін 200-ден астам мүйізді ірі қара малын сатуға мәжбүр болған. Алайда сотталушы айтқан уәдесінде тұрмаған. Кәсіпкер ақшасын ала алмағандықтан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке шағымданыпты. Сот отырысы кезінде сотталушының кәсіпкерден алған жерге үй салып үлгергендігі де белгілі болды. Бірақ оны басқа адамның атына рәсімдеп қойған. Жылжымайтын мүліктің құны 27 млн 867 мың теңге деп бағаланған. Бұған қоса ол кәсіпкерден алған ақшаға бағасы 7 млн 680 мың теңге болатын «Toyota Highlander» маркалы автокөлікті сатып алған. Сот қаулысымен барлық мүлікке тыйым салынды. 13 мамыр күні Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Алтынбек Сабыров сотталушыны екі бап бойынша кінәлі деп тауып, 12 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Үкім шығару кезінде сот оның ант бұзғанын қылмысты ауырлататын мәңгі ретінде қарастырды.

– Сотталушы жазасын қауіпсіздігі барынша жоғары түзеу мекемесінде өтейді. Бұған қоса ол өмір бойына мемлекеттік қызметте лауазымды қызметті атқару құқығынан айырылады. Қылмыстық жолмен табылған қаражатқа алынған мүлкі мемлекет кірісіне тәркіленеді. Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ,– деп хабарлады облыстық соттың баспасөз қызметі.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА,
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

ҚАТЕР ҚАЙДАН ДЕМЕНІЗ



Жаз болса, Түркістан облысында Арыс-Түркістан каналының бойында сейіл құрып, суға қармақ салып балық аулап, көк майсаға жайғасып тыныстап, өзеннің суына шомылып жатқандардың саны азаяр емес. Карантинге байланысты суда шомылуға тыйым салынған. Бірақ, күннің аптап ыстығына шыдай алмаған облыс тұрғындары осы канал бойынан бой көрсетіп жатады.

Суда шомылу маусым айымен бірге қауіп-қатердің де еселене түсетін мезгілі. Жаздың ыстық күнінде, құмға қыздырынып, салқын суға

шомылған жанға сондай жайлы екені белгілі. «Су адамның досы және душпаны» екенін естен шығарып алатынымыз да осыдан. Және де жасөспірімдердің көбі суда дұрыс шомыла білмейді. Осындай да балалар мен ересек адамдардың көбі суда қауіпсіздік ережелерін сақтамаудың салдарынан екіншіні жағдайларға тап болады. Ал оның арты қайғылы жағдайларға әкеледі.

Осындай келеңсіз оқиғаларды болдырмау үшін Түркістан қаласы пробация қызмет бөлімінің қызметкері, әділет капитаны Жаксылықова Мадина Түркістан қаласы Төтенше жағдайлар басқарма офицері Жақсыбек Пернебаймен бірлесіп, сотталған азаматтарға «Шомылу маусымы кезіндегі қауіпсіздік» және «Өрт қауіпсіздігі ережелері» бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Суға шомылғанда төмендегі ережелерді сақтаған жөн екендігін айтты. Ол ережеде тыйым салынған орындарда шомылуға, суда балаларды қараусыз қалдыруға, қоршау белгілерден асуға, көпірлерден, дамбалардан, қайықтардан суға секіруге және сүңгуге тыйым салынатыны айтылады. Сондай ақ азаматтарға таныс емес орындарда шомылуға, сас күйде шомылуға болмайтынын ескертеді. Сондай ақ, адамның сіңірі тартылғанда не істеу керектігі де айтылады. Егер қол саусақтарының сіңірі тартылса, тез арада жұдырығыңызды қатты қысып, ырғақпен қолыңызды сілтеңіз және жұдырығыңызды жіберіңіз, балтыр бұлшық еті тартылған кезде, еңкейіп, қолыңызбен тартылған аяғыңызды табаныынан ұстап, өзіңізге қарай күшпен тартыңыз, бөксе бұлшық еті тартылғанда, аяғыңыздың жілінішін тисе жағынан ұстап, тізеге қарай бүгіп, арқаға қарай тартыңыз деген кеңес

те беріледі. Мұнымен қоса мамандар адам қайықта болған жағдайда не істеу қажеттігіне де тоқталады. Ондай жағдайда азамат:

- Ең алдымен қараусыз және техникалық ақауы бар қайықты пайдалануға тыйым салынатынын білуге тиіс.
- Құтқару және су төгетін құралдарсыз қайыққа отырмау керек.
- Қайыққа техникалық құжаттында көрсетілген лимиттен артық жекілаушылар мен ауыр жүк артуға болмайды.
- Мас күйде қайықпен жүзуге рұқсат жоқ.
- Қайықтың бүйірінде немесе тұмсығында отыруға болмайды.
- Жүзіп бара жатып, бір қайықтан екіншісіне ауысып отырған дұрыс емес.
- Қараңғы түскенде қайықпен жүзуге рұқсат жоқ. Бұл – адам өмірі үшін өте қауіпті.
- 16 жасқа толмаған балалардың өздігінен қайықпен жүзуіне рұқсат емпеу керек.

Мұнымен қоса, мамандар адамның қатты шаршаған кезінде, басынан күн өткен кезінде, аш болса, шөлдесе, аурудан жаңадан айықса суға түсуге болмайтынын айтады.

Түркістан аумағында қалалық жағдайда суға түсуге рұқсат етілген арнайы жерлерде ғана шомылған абзал. Осында кішкентай балаларға арналған арнайы қоршалған, суы таяз жер барын да естеріңізге сала кетейік. Өз өмірлеріңізді қауіп-қатерге тікпей, қауіпсіздік ережелерін сақтаған дұрыс дейді мамандар.

Түркістан облысы ҚАЖ департаментінің
баспасөз қызметі

МӘСЕЛЕ

САПАЛЫ ТАУАРДЫ
АЖЫРАТУҒА ДА САУАТ ҚАЖЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соңғы уақытта әлеуметтік желілер жай ғана сөйлесу алаңы емес, кәсіптің түріне айналғаны да рас. Тіпті уақыт өткен сайын әлеуметтік желілердің қолданылу аясы кеңейіп, қоғамдағы маңызы артып келеді. Әсілі, әлеуметтік желілер «жарнаманың ордасына» айналды. Оған себеп те жоқ емес. Бүкіл әлемдегі интернет пайдаланушылардың саны 4,5 миллиардқа жуық болса, әлеуметтік желілерді пайдаланушылар саны 2,8 миллиардты құрайды. Бұл көрсеткіш 2020 жылы 2,9 миллиардқа жеткен. Ал 2021 жылы тағы да 3 миллиардқа артып, виртуалды әлемнің көкжиегі кені түспек деген болжам бар. Демек, адамдардың көпшілігі әлеуметтік желіні пайдаланғандықтан, бұрынғыдай көшеде жарнама парақшаларын ілгеннен гөрі осында жарнама берген тиімдірек деп есептейді. Ал кез келген компания өз өнімін жарнамалау үшін инстаграм парақшасында кімнің оқырманы көп, соған жарнама беретіні анық. Салдарынан жарнама беру бағасы осыған сәйкес қымбаттай береді.

Қымбаттай берсін. Оған айтар уәж жоқ. Тек, жарнаманың барлығы бірдей сапалы ма? Мәселе осында. Сын көтермейтін жарнама жетерлік. Әсіресе, желідегі жарнамалардың ішіндегі ең көп тарағаны – артық салмақтан арылтуға арналған

өнімдер, дәрілік препараттар мен онлайн табыс табу туралы. Мұның ішінде кері әсері барлары қаншама? Әсіресе, пандемия кезінде лотереяның онлайн ойыны пайда болып, біраз адамның қалтасын қақты. Әуелі 2-3 мың салып тіркеледі де, сосын 50 мыңнан бастап 100 мыңға дейін бонус алады. Бұл ұтыстан бөлек берілетін сыйақы. Бұған сеніп, алданып қалып, артынан сан соғушы да баяғы қарапайым халық. Ал оны жарнамалаушы топ – елге танымал блогерлер мен әншілер. Сонда бұған кім жауапты? Халықты алдап, жарнама жасаған адам ба? Әлде өнімді өндіруші компания ма? Өкініштісі де сол, көп адамдар әлеуметтік желідегі жарнамалардың барлығын дұрыс деп есептейді.

Әлеуметтік желінің қазір түр-түрі бар. Болмасын демейміз. Болсын. Заманына сай адамзат керекті ақпаратын алып, алыстағы дос-жаран, жақын-жуығымен араласуы үшін таптырмайтын дүние. Дегенмен, әлеуметтік желілердің басқа жағы да бар. Желілерде желдей ескен жарнаманың бәрі жақсы емес. Сондықтан да жарнама беруші шындықтан алыстап, тұтынушыны алдамаса екен дейсін. Ал біз, «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кетпей, «сапалы» мен «сапасыз» дүниені ажырата білсек екен.

Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Айгерім СҮНДЕТҚЫЗЫ, блогер, жеке кәсіпкер:

– Қазіргі таңда жұлдыздар мен блогерлердің және вайнерлердің инстаграм арқылы мол табысқа кенеліп отырғаны ешкімге де жасырын емес. Әсіресе, оқырмандар саны миллионнан асып жығылатын ең танымал жұлдыздар жарнама берушілермен ұзақ мерзімді келісім-шартқа отырғанды жөн көреді. Шыны керек, инстаграм өте үлкен күшке айналып отыр. Соның арқасында жағдайын жасап жатқандар да бар. Әрине, қолыңнан келсе, қонышыңнан бас. Бірақ санға емес, сапаға жұмыс жасау керек. Және де оқырмандарға адал болу қажет. Өйткені олар сені үнемі бақылап отырғандықтан, саған сенеді.

Жеке басым әлеуметтік желіде жарнама жасамас бұрын, өнім пайдалы ма, пайдалы емес пе деп өзін тәжірибе жүргізіп көремін. Егер өнім шынымен жақсы әрі сапалы болса, жарнаманы шыын жүзегінен жасап беремін. Мысалы, барлық жарнаманы ақшасына қарай келісе бермеймін. Кейде бартер де болады. Мәселен, егер жарнама жасайын деп отырған тауар маған ұнайтын зат болса, өзім сол затты бартерге сұрап аламын. Жеке басым сапаға мән беремін. Кейде таныстарым өтініш айтады. Ол кезде тегін жарнама жасап беремін. Шыны керек, осы күнге дейін жарнама жасаған дүниелерімнен қандай да бір кері пікір келмеді.

Бүгінде неше түрлі «гив» өткізіп жүрген блогерлер бар. Олардың ішінде де кейде сапасыз тауарлар жарнамалайтындары бары рас. Бірақ көпке топырақ шаппаймын. Өйткені, ұжаты мен арына салып жұмыс істейтіндер де бар. Бұрындары жарнама бойынша табыс табуды қолдамайтынмын. Дегенмен, өзелерге білім беру мақсатында ұйымдастырылған курстарды, expertтік мақсатта өткізілген онлайн табыстарды бір жағынан дұрыс деп есептеймін. Өйткені, адам ол жерде тауар сатып алмайды, білім алады.

Инстаграм желісінің қолданыс аясы кеңейген сайын, ол тек хабар алмасатын желі ғана емес, пайда табудың да көзіне айналып отыр. Тіпті, адамдар өздеріне пиар жасау үшін инстаграм арқылы небір сұмдық әрекеттерге барып жатыр. Мұны құп көрмесек те, қараймыз, ұнатпасақ та, пікір қалдырамыз. Бүгінгі шындық осы.

**Әсел СЮРИКПАЕВА, заңгер:**

– Нарықтық заман жарнама саласына үлкен сілкініс әкелді. Тауар мен тұтынушы арасында алтын көпір сала білді. Жар салған жарнама мен ондағы өнімнің сапасы сәйкес келмесе ренжімеңіз. Сапасы мықты болмаса да, бүгінде өндіруші көп, өнім де көп, соған сай жарнама да көп. Салдарынан бүгін ақша үшін алаяқтық жасап сапасыз тауарларды жарнамалайтын адамдар көбейіп барады.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы 2010 жылғы 4 мамырда қабылданған заңның 25-бабында көзделген негіздер бойынша тұтынушы тауар туралы толық ақпарат алуға құқығы бар. Егер алаяқтықтың кесірінен сапасыз тауар сатып алған болсаңыз, ол шартты бұзуға және өзіне келтірілген залалды өтеуді талап етуге, сатып алған тауарды мақсатына сай пайдалану мүмкіндігінің болмауына әкеп соқса, тұтынушы тауарды сатып алған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде тиісті ақпарат беруді талап етуге құқылы. Егер көрсетілген мерзімде ақпарат берілмесе, тұтынушы шартты бұзуға және өзіне келтірілген залалды өтеуді және тауар тұтынушының өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіруге әкеп соқса, ол сатушыға (дайындаушыға, орындаушыға) заңда көзделген талаптарды қояса құқылы.

Ал ақша үшін алаяқтық жасаған азаматтар Қылмыстық кодекстің негізінде 190-бапқа сәйкес жасаған алаяқтық іс-әрекеттер салдарынан келтірілген зиянның мөлшері мен көлеміне қарай мүлкі тәркіленуі немесе айыппұл салынуы мүмкін. Кейбір жағдайларда адамдарды түзеу жұмыстарына, қоғамдық жұмыстарға тарту немесе бас бостандығын шектеу секілді жазалар қолданылады.

Жарнама тәртібін бұзудағы жауапкершілік ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 463-бабының (тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысу, сондай-ақ әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру) талаптары негізінде қаралады. Бұл орайда сапасыз тауар туралы жарнама жасағандардың жауаптылығын қалай арттырамыз? Біріншіден, түрлі ақпарат көздерінде сапасыз тауарды жарнамалаудың әкелетін зардабы туралы шағын бейнебаяндар мен ақпараттық хаттарды жиі көрсету қажет. Содан кейін ҚР Әкімшілік кодексі мен Қылмыстық кодекстері негізінде осындай жарнама жасаған тұлғалардың жауаптылығын арттырамыз.

СҮЙІНШІ!

Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың майданға аттанар алдында түскен фотосы табылды. Осы күнге дейін 17 жастағы бойжеткеннің бейнесі батыр қыздың бала күнгі құрбысының жеке альбомында сақталған. Фотоны 90 жылдық тарихы бар. Бұл жөнінде «Керек info» газеті тілшісіне Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі Қобда бөлімінің сектор меңгерушісі Гүлбаршын Ерғалиева айтып берді.

ЖАҢАДАН ТАБЫЛҒАН
ЖӘДІГЕР СУРЕТ

Ақтөбе облысының Қобда ауданында туып-өсіп, 19 жасында майдан шебінде ерлікпен қаза тапқан Әлия Молдағұлова өзінің суретін құрбысы Бәтимаға хат арқылы жіберіпті. Қобда бөлімінің сектор меңгерушісі Гүлбаршын Ерғалиева құнды жәдігер туралы кездейсоқ білгенін айтады.

– Қобда жері – әйгілі ұлы дала дарабоздарымен тарихта қалған өңірлердің бірі. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жерлестеріміз сол батыр бабалардың ізін жалғап, ерліктің, елжандылықтың үлгісін көрсетті. Оған деректі жазбалар дәлел. Ел аузында «Батырлар мекені» атанған Қобда өңірінен Иманғали Білтабанов, Абдолла Жанзақов, Михаил Колесников, Михаил Прохоров, Иван Пятковский, Николай Терешенко, Михаил Кошелев пен Әлия Молдағұлова секілді 8 бірдей Кеңес Одағының батыры шыққан. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда Әлия Молдағұлованы ұлықтау жаңа қырынан көріне бастады. Республикамыздың әр түркірінде ескерткіштер салынып, саябақтар, танымбақтар, аллеялар, демалыс орындары пайдалануға берілді. Рухани қазынамыз толықты. Әлия туралы жазылып, жарыққа шыққан мақала мен кітаптың, деректі фильмді зерделесек, батырдың қысқа ғұмырының қамтылмаған қалтарысы жоқ сияқты. Дегенмен де тағы бір сыр ашылды. Биыл Алматы қаласынан Қобда ауданына Батырғали Мамбетов келді. Қобда музейінің қызметкері болып жұмыс істейтінді білген Батырғали Нәрібайұлы: «Гүлбаршын, сіз білесіз бе? Анамның жеке мұрағатында Кеңес Одағының Батыры, жерлесіміз Әлия Молдағұлованың бұрын еш жерде жарияланбаған, басылмаған фотосуреті бар», – деп, жаңа деректің бетін ашты. Ол Қарағанды облысында тұратын қарындасы Әлияда анасынан қалған жеке мұрағаты, аманаттары сақтаулы екенін айтты, – дейді Гүлбаршын Ерғалиева.

Бір қызығы, Батырғали Мәмбетовтің қос қарындасы Шығыстың қос шынары – Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәмбетованың есімдерін иеленген. Ақжолтай хабардан соң

Қобда бөлімінің сектор меңгерушісі Гүлбаршын Ерғалиева бірден апалы-сіңлілі Әлия, Мәншүк Нәрібайқыздарымен байланысқа шығып, сурет жөнінде сұраған.

– «Эксклюзив суретті халыққа таныстырып, сырын ашайық» деп рұқсат сұрадым. Бұл суретке Әлия соғыс жылдары 17 жасында Ленинградта түскен. Майданға аттанар алдында, басына қызыл жұлдызды пилоткасын, үстіне әскери формасын киген. Сөйтіп, құрбысы Бәтимаға хат арқылы жіберген, – дейді ол.

Музей қызметкерінің сөзінше, Әлия Бәтимаға майдан даласынан хат жіберіп тұрған. Алайда аналарынан ерте айрылғандықтан, сақталмаған көрінеді. Гүлбаршын Ерғалиева тарихи деректерге сүйене отырып, Әлия мен Бәтиманың достығы жөнінде әңгімелеп берді.

– Батырғали аға, Әлия апай, Мәншүк апайлардың туған анасы Бәтима Өрбісінқызы Әлия Молдағұлова апамызбен бір шаңырақ астында тұрып, бір бидайды бөлісіп, бір табактан дәм татқан, апалы-сіңлідей боп тел ескен құрбы, туыс екен. Тарихқа шегінсек, Әлияның әкесі Нұрмұханбет Сарқұлов Өрбісіннің жақын ағайындарының бірі, інісі болып келеді. 1930–1932 жылдардағы ашаршылықта күнкөрістің қиыншылығынан халықтың босып кеткені белгілі. Қонысын тастап, жан сауғалау қамымен ел кентті жерлерге көшеді. Сол тұста Әлияның әкесі Нұрмұханбет Сарқұлов қуғындалып кетеді. Қуғынға ұшыраған Нұрмұханбеттің отбасы ауылдас туғасы Өрбісін ағасы мен Қанипа апасының қарауында болып, заманын қиын кезінде бірге тұрады. Кейін Әлияның анасы Маржан Қобда бойындағы қонысын тастап, Қурайлыда тұратын үлкен әжесі Тәженді сағалап, паналайды. Қурайлыда күздің қара суығында егістікте қалған келдектің қалғанын жинап жүріп, бау-бақша күзетшісінің оғынан мерт болған Маржанның қазасы Бұлақтағы бас көтерер Нұрмұханбеттің ауқатты ағайыны Өрбісінге жетеді. 11 баласын, өзге де жоқ-жітікті бағып, көмектесіп, бір ауылды үйіріп отырған Өрбісінге Маржанның қазасы

аяздай бағады. Өрбісін ақсақал сүйекті жат жерде қалдыруға болмайды деп шешіп, түйе палуан інісі Өсербайды жіберіп, жеңгесі Маржанның сүйегін атқа өңгертіп, ауылға әкеледі. Кеңес үкіметі кезінде аң аулап, құс салған Нұрмұханбет серілік қылықтарымен жақпай, қуғындалғаны белгілі. Нұрмұханбет Сарқұлов 1922–1932 жылдары «байдың баласы» деп айыпталып, 10 жылдың ішінде 3–4 рет сотталып, Қобда, Қарағанды түрмелерінде 3–4 жыл отырған. Сол кезде НКВД-дан бой тасалап жүрсе де, зайыбын жерлеуге ретін тауып қатысады. Мәмбетовтердің анасы Бәтима Көдебасова – Өрбісін Жанғылышұлының 11 баласының бірі. Өрбісін Көдебасов сауатты, өте ауқатты адам болған. Балалары Бәтима, Бақдәулет (1926 жылы туған), Бақтығали (1928 жылы туған) Әлиямен

бірге өскен. Қобданың Көксай, Бұлақ, Бескопа жазығы бойында бір жылы дүниеге келген Әлия мен Бәтима тай құлындай тегісіп, қатар бойжетті. Шешесі қазаға ұшырағанға дейін Әлия Өрбісіннің қызы Бәтимамен бірге өседі. Әлия 12 жасқа дейін Бәтимамен бірге бір отбасында тәрбиеленген. Кейін оны нағашы әжесі Тәженнің қолына тапсырады. Әлияны нағашы ағасы Әбубәкір Ленинградқа сол кездегі ауыр кезеңдерге байланысты алып кетеді. Құрбысы Бәтимамен хат арқылы байланысып, ауылдың тыныс-тіршілігін, хал-жағдайын сұрап отырған. Бәтима Өрбісінқызы (1924–1964) мектепті бітіріп, Ақтөбе мұғалімдер даярлайтын институтты тәмамдады. Еңбек жолын Қобда ауданы Қонтарбасы елді мекенінде бастады. Ауыл балаларын оқытты. Темір қаласында мұғалім болып, білім саласында қызмет еткен. Ойыл ауданының азаматы Нәрібай Мәмбетовке тұрмысқа шығады. 37 жасында өмірден озған. Бір өкініштісі, Нәрібай балалары аналарынан жастай қалғандықтан, Әлияның Бәтимаға жазған хаттары сақталмаған. Нәрібай мен Бәтима – Батырғали, Әли, Әлия, Мәншүк, Амангелді атты балаларын тәрбиелеп өсірген ұлағатты отбасы. Батырғали Нәрібайұлы медицина институтында оқып жүріп, ішкі істер саласына ауысып, қызмет жасаған. Бүгінде зейнеткер, Алматы қаласында тұрады. Қобда аудандық тарихи-өлкетану музейі Нәрібай Мәмбетов ұрпақтарына ризашылығын білдіреді. Аталар аманатын бүгінге жеткізгені үшін алғыс айтамыз, – дейді Гүлбаршын Ерғалиева.

Түпнұсқа фото жеке альбоммен бірге тауда Ақтөбе облысына жеткізілмек. Соңынан ол жаңадан салынған Қобда музейінің Даңқ бұрышына қойылып, Әлия Молдағұлованың ең құнды құжаттарының қатарына орналасады. «Көпшілігі ескірген суретті көріп, «реставрация жасау керек» деп жатыр. Менің ойымша, оны өзгертудің, өңдеудің еш қажеттілігі жоқ. Тарихи сурет сонысымен де құнды», – дейді музей қызметкері. **Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА, АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ**

ЖАЛҒАН ЖАРНАМАНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ҚАНДАЙ?

ОЙТАЛҚЫ
(Соңы. Басы 1-бетте)

Нұрболат АЙКЕШОВ, әлеуметтанушы:

– Instagram арқылы түрлі киім үлгілеріне, әшекей-бұйымдарға, тағы басқа тауарларға жарнама жасап, адал ақша тауып жүргендер де бар шығар. Дегенмен, бізге оның беймәлім тұстары да жетеді. Мысалы, әлеуметтік желілерде жарнама жасап, табыс көзіне айналдырғандардың көбі үнемі шетелге саяхаттап, демалыс орындарында жүретінін көреміз. Жеке өмірін қалт жібермей бақылаймыз. Бірақ, шын мәнінде олардың «экраннан» тыс өмірі мүлде басқаша болуы мүмкін. Меніңше, мұндай адамдардың көбі бұл салаға әбден машықтанып алған.

Жалпы, жарнаманың өз қыр-сыры бар. Мәселен, миллион оқырманы бар блогердің жарнамасынан түк пайда келмеуі мүмкін. Керісінше, жазылушылардың саны аз, бірақ берген ақпараты айтарлықтай нәтиже беретіндер де бар. Бұған қарап, мәселе тек санда емес, сапада деп білемін. Ал жарнама жасап жүргендердің жауаптылығын арттыру үшін әлеуметтік желіде жарнамадан табыс тапқандардың барлығын салық төлеуге міндеттеу қажет шығар деп ойлаймын.

Айжан МОЛДАҒАЛИЕВА, Алматы қаласы заңгерлер палатасының мүшесі, заңгер:

– Жоғарыда атап өткенімдей, сапасыз жарнама үшін жауапкершілік негізінде оған заң шеңберінде айыппұлдар салынады. Айыппұл көлемі жеке және заңды тұлғалар үшін арнайы салынады. Мысалы, жеке тұлғаларына – 100 АЕК, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 350 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 500 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 1000 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Тауардың сапасы мен тиімділігі туралы жалған жарнама беріп, халықты алдап өздеріне тарту арқылы қыруар пайда табуды көздеген компанияларға айыппұл салынады. Біздің елімізде мұндай жағдайда компанияға әкімшілік кодекстің арқылы жаза қолданып, айыппұл өндіру қарастырылған. Алайда аталмыш заң өз деңгейінде жұмыс жасап жатқан жоқ. Өйткені тұтынушылар тарапынан шағымданушылар жоқтың қасы. Мысалы, әлеуметтік желілер, телеарналар арқылы дәрі-дәрмектер, күнделікті қолданылатын шаш сусандары мен кремдердің жарнамада айтылғандай сапасы сәйкес келе бермейді. Сапасыз тауарды тұтынушыдан наразылық туындап, шағымданбағаннан кейін тиісті орындар да компания жарнамаларының қаншалықты шынайылығын тексермейді. Егер тұтынушылар тауардың сапасына арызданатын болса, жарнаманың жалғандығы анықталып жатса, компания жазаланып, арызданған тұтынушыға өтемақ төленіп, өндірушінің жалған жарнама арқылы тапқан пайдасын мемлекет қоржынына қайтаруға болады.



Сауалнаманы дайындаған Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ, «Заң газеті»

ПАҒМЕН

ҚАТАҢ ЖАЗА ҚЫЛМЫСТЫ АЗАЙТАДЫ

Сот пен құқық қорғау саласындағы маңызды реформалар – адамдардың құқығын қорғау, қауіпсіздігін күшейтудің басты факторы екені белгілі. Бүгінгі таңда елімізде заңнамаларды жетілдіру бойынша іргелі жұмыстар жан-жақты жүргізіліп, сот-құқықтық реформалар жүйелі түрде өткізіліп келеді. Сондықтан, еліміздің сот жүйесінде игілікті жаңалық көп деп айтуға негіз бар.

Мемлекет басшысы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында елімізде ауыр қылмыстардың саны азаймай тұрғанын тілге тиек етіп, заңнамамызды ізгілендіру ісіне көбірек мән беріп, азаматтардың негізгі құқықтарын назардан тыс қалдырдық деген еді. Сондай-ақ, Президент жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға, әсіресе, балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажеттігін тапсырды. Осылайша, Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен аталған қылмыстар бойынша жаза қатайтылды. Жалпы, ауыр қылмыстар дегеніміз – қазактың дәстүрлі құқықтық нормаларында, қоғам тыныштығына, адам өмірі мен денсаулығына, абырой-беделіне нұқсан келтіріп, зардап шектіретін қылмыстық іс-әрекеттер, теріс қылықтар болып табылады.

Соның нәтижесінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту



мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданды. Қылмыстық кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, заңнама жаңа баптармен де толықты. Мәселен, кодекстің 188-1-бабы мал ұрлығы бойынша баппен толығып, енді мал ұрлығының соңы жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға әкеледі. Оған қоса, мүлкі тәркіленеді.

Тағы бір толықтыру масаң күйде көлік жүргізгендерге қатысты. Атап айтсақ, кодекс 345-1-баппен толықтырылды. Онда масаң күйде көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы ексшелді. Сондай-ақ, 346-бап бойынша көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе мемлекеттік қызметпен айналысу

құқығынан өмір бойына айыра отырып, 5 мың АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не сол мөлшерде 1200 сағатқа түзеу жұмыстарына дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатындығы көрсетілді.

Сонымен қатар, кәмелетке толмаған балаларға қарсы жасалатын жыныстық зорлық-зомбылық сипаттағы қылмыстар бойынша да жауапкершілік артып, қылмыскерлерге қатысты жаза күшейді.

Қорыта айтқанда, заңдағы аталған өзгерістер мен толықтырулар ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша жазадан құтылып, жалтаруға жол бермейтінін ескергеніміз жөн.

Қанат НҰРҒАБЫЛҰЛЫ,
Мұнайлы аудандық сотының
судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

КОДЕКС

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ
ҮЛКЕН ӨЗГЕРІС АЛДЫНДА

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізіледі. Қазіргі кезде әкімшілік әділет құрылымы күрделі өзгерістер алдында тұр. Нақты айтсақ, бұған дейінгі «Әкімшілік рәсімдер туралы» және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заң өз күшін жоймақ. Енді заңдармен реттелген қатынастар Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекспен қаралмақ.

Жаңа кодекс жария-құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталған. Әкімшілік органдардың өтініштерді қарау тәртібін оңайлату мақсатында әкімшілік акт қолайлы және ауыртпалық түсіретін (теріс) болып бөлінеді: 1) әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын жүзеге асыратын немесе өзіне жүктелген міндетті тоқтататын, сондай-ақ, оның жағдайын басқаша жақсартатын акт қолайлы болып табылады; 2) ауыртпалық әкімшілік акт деп іске асырудан бас тартатын, әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын шектейтін, тоқтататын немесе оған міндет жүктейтін, сондай-ақ, оның жағдайын өзге де түрде нашарлататын акт түсініледі.

Әкімшілік актілердің ұсынылып отырған аражігін ажырату қолайлы әкімшілік актілерді қабылдау кезінде әкімшілік рәсімдерді оңтайландыруға мүмкіндік береді. Өйткені бұл жағдайда қабылданатын актінің міндетті негіздемесі, өтініш берушіні тыңдау, әкімшілік актіні қабылдау үшін дәлелдемелер мен материалдарды жинау бойынша Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске қойылатын талаптарды сақтаудың қажеті жоқ. Сонымен қатар, мұндай айырмашылық сенім құқығын қорғау қағидатын іске асыру үшін қажет. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс барлық әкімшілік органдар үшін міндетті жаңа қағидағарды бекітеді.

Кодекстің тұжырымдамалық аппаратында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін әкімшілік процедураны орнатуда шешуші рөл атқаратын «әкімшілік орган» және «әкімшілік акт» ұғымдарының анықтамалары бекітілген. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте қолданылатын «әкімшілік орган» ұғымның анықтамасы Қырғызстан, Әзірбайжан, Армения, Латвия, Грузия және басқа да елдердегі халықаралық стандарттарға сәйкес, Әкімшілік рәсімдер туралы заң қабылдаған Еуропа елдері мен бірқатар посткеңестік елдердің тәжірибесіне сәйкес келеді.

Мәселен, жоғарыда аталған елдердің Әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасында әкімшілік орган деп мемлекеттік орган ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік басқару саласында өкілеттер (жария функциялар) берілген өзге де субъектілер түсініледі. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс әкімшілік рәсім-әкімшілік органың, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешім қабылдау және орындау жөніндегі, өтініш негізінде немесе өз бастамасы бойынша жасалатын және оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен жүзеге асырылатын қызмет.

Аслан МҰҚАНОВ,
Мұғалжар аудандық №2 сотының төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ



ШАРА

ТӘРБИЕ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТЫҢ
АЛДЫН АЛАДЫ

Әскери соттар – Қазақстан Республикасындағы сот органдарының құрамдас бөлігі. Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарда сот төрелігін іске асыру жөніндегі айрықша міндеттерді шеше отырып Әскери соттар жеке құрам арасында тәрбие және әлеуметтік құқықтық жұмыспен де айналысады.

Гарнизондардағы әскери соттардың әскери қызметшілер арасындағы қылмыстар мен басқа да құқықбұзушылықтардың алдын алуда атқарып отырған жұмыстары өлшеусіз. Соның ішінде, судьялар әскери бөлімшелердің жеке құрамына құқықтық тақырыптар бойынша дәрістер өткізіп, кездесулер ұйымдастыруда. Бұл іс-шаралар негізінде әскери қызметшілерді тәрбиелеуге, олардың заңға деген құрметін оятуға, қоғамда белгіленген құқықтық тәртіпті сақтауға бағытталған.

Судьялардың қолданыстағы заңнаманы түсіндіруі, өз кезегінде әскери қызметшілердің күнделікті өмірде туындаған көптеген мәселелерін шешіп, оларға құқықтық салада дұрыс бағыт-бағдар береді. Бұл ретте әскери қызметшілердің құқықтық сауаттылығы белгілі бір дәрежеде олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді және ықтимал салдарлар туралы білу, өз кезегінде әскери жағдайлардың талаптарын бұзудан сақтандыратын болады.

Сот отырыстарында әскери соттың теріс фактілер бойынша шығарған жеке қаулылары мен ұйғарымдары әскери лауазымды адамдардың қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі кемшіліктерінің алдын алуға ықпалды. Әскери соттың судьялары қандай да бір құқық бұзушылықтар жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды, сондай-ақ, қолбасшылық жұмысында өрескел кемшіліктерді аша отырып, әскери қызметтегі тәртіпті сақтауға, әскерлердің қорғаныс қабілеттілігі мен жауынгерлік дайындығын нығайтуға елеулі түрде өз үлесін қосады.

«Әскери жағғынын» құқық бұзушылықтардың алдын алуды қамтамасыз етуде, жауынгердің әскери антымен өз борышын орындауында, жауынгерлік әзірлігін, жауапкершілік сезімін қамтуда үлкен маңызға ие. Қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес – әрбір командирдің, тәрбие жұмысы бойынша орынбасардың, бөлімше командирлерінің міндеті.

Қ.ҚУВАНДИКОВА,
Ақтөбе гарнизоны әскери сотының жетекші маманы

ПАЙЫМ

ТҮЗЕЛЕМ ДЕГЕН АДАМҒА
МҮМКІНДІК БАР

Қылмыстың үлкен-кішісі болмайды. Ала жіпті аттаған адам міндетті түрде ел заңына сай жазасын алуы тиіс. Өйткені, заң – көпшілікке ортақ, әрі заңның алдында ел азаматтарының бәрі тең.

Дегенмен, азаматтардың бәрі саналы түрде, қасақана құқық бұзбайды. Аңғалдықтан, бір сәттік көңіл-күйдің жетегінде кетіп шалыс басатындар, құқықтық сауатының кемдігінен темір торға қамалып жататындар аз емес. Сонымен бірге, арақтың кесірінен, есірткінің салдарынан қылмысқа ұрынатындар да жетерлік. Қателік жасап, қапасақа қамалғанымен, олардың барлығы жаңа өмір бастаудан үмітті. Қайсысы болса да бостандыққа шығып, тезірек жақындарының ортасына оралуы армандайды. Бұрынғы кемшіліктерін қайталамай, алға жылжуды, ел қатарлы тірлік кешуді мақсат етеді.

Ал соттың мақсаты – жазалау емес, азаматтардың түзелуіне, өз қателігінен сабақ алуына мүмкіндік беру. Еліміздің Ата Заңының өзінде мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және оның құқығы мен бостандығы деп көрсетілген. Ендеше, мемлекет үшін әр адамның маңызы зор, орны бөлек. Міне соған орай еліміздің заңдары жыл өткен сайын ізгілендіріліп келеді. Соған орай әр істі зерделеген кезде судья жазаны жеңілдететін және жазаны ауырататын мән-жайларды таразы басына салып барып, қорытынды жасайды, үкім кеседі. Қылмыстың ауыртпалығына қарай сотталушыларға айыппұл салу, қамаққа

алу, бас бостандығынан шектеу, бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатыны белгілі.

Бас бостандығынан айырылғандардың да жаза мерзімінің соңына дейін түзеу мекемесінде отырмай, жазаны жеңілдету, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазаға ауыстыру, мерзімінен бұрын бостандыққа шығу жөнінде өтініш беруге құқығы бар. Оның тегігі құқықтық құжаттарда нақты көрсетілген. Айталық Қылмыстық кодекстің 72-бабына сәйкес, егер сот адамның түзелуі үшін тағайындалған жазаны толық өтеуі қажет етілмейді деп танитын болса, бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамды осы баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы мүмкін.

Десек те, кез келген қылмыскер өтініш жазғаннан кейін жазасын толық өтемесе де бостандыққа шыға береді деген қате түсінік туындамаса керек. Себебі, жоғарыдағы жеңілдікке ие болу үшін бас бостандығы шектеліп немесе бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан адам 72-баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтеп қана қоймай, сонымен бірге, қылмыс барысында келтірілген залалды толық қайтаруы міндетті. Әрі жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбауы,

қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуы тиіс. Тек осы талапты мінсіз орындаған жағдайда ғана азаматтар шартты түрде мерзімінен бұрын босатылады.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаз түріне ауыстыру туралы мәселені шешу кезінде соттар өтінішхатта және өзге де материалдарда келтірілген мәліметтердің шынайылығын, сенімділігін анықтауға, яғни, сотталған адамның тәртібіндегі оң өзгерістерді бағалауға тиіс. Баға беру кезінде сотталғандардың ішкі тәртіп қағидасын сақтауын, Қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі әкімшілігінің талаптарын орындауын, тәрбиелік сипаттағы іс-шараларға және мекеменің қоғамдық өміріне қатысуын, көтермелеулерді, жазаларды, туған-туыстарымен және сотталған адамдармен қарым-қатынасты сақтауын, залалды өтеуін ескеруге тиіс. Кейде жәбірленушілер алдындағы қарызын өтемей тұрып, мерзімінен бұрын босатуды сұрап өтінішхат жолдайтындар бар. Мұндай жағдайларда соттар өтінішхаттарды қанағаттандырудан бас тартуға мәжбүр, себебі қылмыспен келтірілген залалды өтеу шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселесін қарауда басты критерийлердің бірі.

Нүргүл БАТЫРХАН,
Жетісу аудандық №2 сотының
судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ЖЫЛАТПАШЫ, БІЗДІ ӘКЕ!

Қоғамдағы күнделікті кездесетін жағдайдың бірі – тұрмыстық әлімжеттік. Тұрмыстық зорлық-зомбылық отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға



қатысты дене зардабын және психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті (іс әрекеті немесе әрекетсіздігі). Көбінесе отбасында әйел адам мен балалары тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болып жатады. Әлімжеттікті көріп өскен бала басқа балаларға қарағанда эмоционалды болады, және олардың мінез-құлқында ауытқу көп болады. Айналаға үреймен қарап, жасық өседі. Ортада өзін еркін сезіне алмайды. Мұның бәріне себепші – әкенің ішімдік ішіп келіп, анаға қол көтеруі, айналасына былалып сөйлеп, адамдарға сыйламаушылық көрсетіп, түнгі тыныштықты бұзуы. Мұның барлығы балаға, отбасының өзге мүшелеріне психикалық тұрғыдан кері әсерін тигізеді.

– Әке, анамды ұрмашы,– дейді жалынышты күймен балалар. Мектепте ұстазы ата-анаң неге жиналысқа келмеді деп ұрсып жатады. Анасы әкешің барады деп баланы жұбатады. Анасының өзі қатысайын десе көгерген бетінен ұялады. Сол себепті әкелердің ішімдікті тастап, отбасына көңіл бөлгені жөн. Мысалы құқықбұзушы Е. есімді азамат түнгі 00:25

уақытына үйіне ішімдік ішіп келіп, заңды некедегі зайыбына қол жұмсап, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіреді. Бұл іс-әрекет 1 жылдың ішінде тағы қайталанып отыр. ҚР ӘҚБТК-нің 73-1 бабы, 2-бөлігінде көзделгендей, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін 1 жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер 20 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді. Бұл жағдай азаматқа алдыңғы ескертудің сабақ болмағанын көрсетсе керек.

Өкінішке орай, әкелердің жұмыстан қашуы, отбасына көңіл бөлмеуі, ішімдікке құмартуы айналасының азабына айналууда. Бұл қоғамдағы азаматтар құнын кемітіп, қадірін түсіретін тірлік. Сондықтан, әкелер жауапкершілікті сезініп, отбасының қорғанышы екенін ұмытпаса дейміз. Баласын жылатып, әйелін жәбірлейтін әкеден ұрпағы жақсы өнеге алмасы белгілі.

Г.ҒАБДРАХИМ,
Тасқала аудандық сотының жетекші маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ДЕПУТАТ БАҒАНЫ



Ерлан САИРОВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

АУЫЛДАҒЫ ЖОЛ САПАСЫН КӨТЕРУ КЕРЕК

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке және әкімдерге еліміздің жол инфрақұрылымындағы жағдайды дұрыстау үшін түпкілікті шара қабылдауды тапсырған. Осыған орай 2020–2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасының аясында республикалық және аймақтық бюджеттен тепе-тең негізде жергілікті жол желісін дамыту үшін 1 трлн теңгеге жуық қаржы бөлінеді. Сонымен қатар 2025 жылға дейін аймақтарды дамыту бағдарламасы шеңберінде Үкімет қатты жабынды жолдар желісінің салынуын қалаларда 100 пайызға, аудан орталықтарында 50 пайызға және елді мекендерде 20 пайызға жеткізуді көздеп отыр. Осы тұрғыда біз, атқарушы билік, ауылдық жерлердегі де жолдарды дамытуға, олардың сапалы салынуын жіті қадағалау керек деп есептейміз. Өйткені, бүгінгі таңда жолдардың жайсыздығынан, кейде олардың мүлде жоқтығынан бөрінен бұрын ауыл тұрғындары қатты зардап шегуде. Негізінде ауылдарда бүгінгі таңда біздің 8 млн адам тұрып жатыр. Жергілікті маңызы бар жолдарды салуда орын алып отырған мәселелерді шешпей, яғни олардың тиісті талапқа сай сапасы жайлы айту мүмкін емес. Әкімшіке орай олар аз емес. Олардың бірқатарына назар аудартуды жөн санап отымыз. Мәселен, олардың бірі жергілікті жол желісін салу және дамыту бойынша жобаларды жүзеге асыру саясатының шашыраңқылығы, соның салдарынан олардың бірнеше әкімшілер құзырында болуы. Бүгінде аймақтық көлік жолдары «Ауыл – ел бесігі», «2020–2021 жылдарға арналған жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламалары аясында үш бюджеттік әкімшінің, яғни, Ұлттық экономика, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерінің құрамында тұр.

Екіншіден, көлік жолдарының техникалық жағдайын білдіретін «жақсы» және «қанағаттанарлық» деген көрсеткіштердің нақты техникалық өлшемдері жоқ, яғни, ұлттық стандартпен бекітілген бірыңғай техникалық көрсеткіш пен жағдайға негізделмеген.

Үшіншіден, жүк көліктері жүктемелерінің белгіленген мөлшерден артуынан жөндеген жолдардың бұзылуы. Ресми статистикаға жүгінсек, көлік жолдарының техникалық категория бойынша тек 9,3 пайызы 10 тонна өсім жүктемесін көтере алады. Ал, 90,7 пайызы тіпті қолданыстағы жүк көліктерінің ең аз деген жүктемесін қабылдай алмайды екен. Бұл осынша жол қауіпті жағдайда тұр деген сөз.

Төртіншіден, осындай жағдайда әкімдіктер бақылау жұмысын өздері қаржыландырып, қамтамасыз етеді, жол салу саласында лицензияны өздері беріп, өздері тоқтатады. Сонымен қатар, нысандарды қабылдап, пайдалануға берумен де өздері айналысады. Ал, көлік жолдары бойынша өкілетті органның жергілікті жолға қатысты қандай да бір реттеу құралдары жоқ.

Бесіншіден, жол құрылысы саласы білікті мамандарға қатты мұқтаж болып отыр. Бүгінде бұл салада қатардағы жолшы, жобалаушы, көпір салушы, грейдерші мамандары жетіспейді. Солай бола тұра, кейбір жоғарғы оқу орындарында осы мамандықтарды дайындайтын факультеттер жабылуда. Осындай жүйелі түрде орын алып отырған олқылықтардың салдарын жыл сайын асфальт жолдар қармен бірге еріген сайын көріп отырмыз.

Бұл кемшіліктерден арылу үшін басты басымдық жол құрылысының сапасы болуы қажет бюджеттік бағдарламаларды бірыңғай әкімшілендіру, жол шаруашылығын бақылаудың мемлекеттік және тәуелсіз аудиторлық жүйесін жасап, іске қосу, мемлекеттік білім беру тапсырыстарын бөлуде жол құрылысын жобалау мамандықтарына басымдық беру қажет.

Дайындаған
А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БИЛІК БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМУЫҢА БЕТ БҰРМАҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның айтуынша, өзі жетекшілік ететін аталмыш ұйым тарапынан қаншама ұсыныстар жасалып, бастамалар көтерілсе де, барлығы қағаз жүзінде қалуда. Ал, еліміздегі мектеп спортының жайы уақыт өткен сайын құлдырап бара жатыр. Бүгінде ел көлемінде 1500 мектепте спорт зал жоқ болса, 8000-нан аса спорт нысандарының тозығы жеткен. Спортпен айналысуға қажетті құрал-жабдықтар жеткіліксіз. Сонымен қатар мектеп спорты жобалары мамандандырылған спорттық мектептер оқушыларымен шектеледі. Бұл мектеп лигалары жағдайында тең бәсекелестік қамтамасыз етілмей, оқушылардың спортқа деген ынтасын төмендетуде. Жарысқа қатысушылардың саны білім беру нысандарында спортты дамытудың тиімді жүйесінің жоқтығын көрсетеді. Оны реттеуде Білім және ғылым министрлігі немқұрайдылық танытуда.

Сонымен қатар мектептің спорт клубтарының мәртебесі заңнамалық тұрғыда айқындалмаған. Сондықтан білім беру нысандары педогогтарына қосымша ақы енгізілгенімен, оларды алға жылжытуға мүдделі емес. Жеке-леген аймақтардағы балалар мен жасөспірімдердің денешынықтыру мен клубы жастарды көптеп тарта алмайды. Бұл – мектеп спортын дамытуда жасалынып жатқан жұмыстарға қарамастан, спортшылар санының артауының бір себебі. Инклюзивті спортты дамытуда мәселе аз емес. Оған ерекше балалармен жұмыс істейтін білікті кадрлардың, арнайы спорт залдарының

жоқтығы, олар қатысатын спорттық жобалардың қаржыландырылмауы кедергі болуда.

Ал, жиында баяндама жасаған мәдениет және спорт вице-министрі Ерлан Қожағапановтың айтуынша, мектеп спортына жасалып жатқан қолдау аз емес секілді. Атап айтқанда, спорттық инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз ету, дене шынықтыру және спорт бойынша сыныптан тыс сабақтарды жүргізгені үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеу секілді бірқатар нормалар заңнамалық тұрғыдан бекітілген. 2021 жылғы 1 мамырдан бастап мемлекеттік спорттық тапсырысты орналастыру арқылы балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларын қаржыландыру тетігі іске қосылды. Жалпы алғанда, Қазақстан бойынша 2021 жылға 40 мыңнан астам баланы қамти отырып, мемлекеттік спорттық тапсырысқа 5 млрд теңгеден астам қаражат бөлінген. Алдағы уақытта бұқаралық және балалар мен жасөспірімдер спортына 16 млрд теңге бөлінбекші екен.

Жалпы, бұқаралық спортты жан-жақты дамыту үшін елімізде 2025 жылға арналған тұжырымдама жүзеге асуда. Онда тұрғындарды спортпен қамтитын басым бағыттар айқындалған. Тұжырымдаманың басты мақсаттары тұрғындардың жүйелі түрде спортпен айналысатын орта деңгейін 35 пайызға дейін көтеру, спорттың инфрақұрылымын мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы 50 пайызға кеңейту. Бұл үшін заңнамада тағы да мемлекеттік спорттық тапсырысты балалардың спорттық секцияларын жан басына қаржыландыру негізінде арт-

тыру бойынша барлық нормалар айқындалып, нормативтік құқықтық актілер қабылданған. Олардың бірі – әкімдіктерге кәсіби спорттық командаларға бөлінген қаржыны балаларды бұқаралық спортқа тарту шараларына бөлу құзыретін беру.

Соған қарамастан, отырыста сөз алған депутаттар да айтып өткендей, бұқаралық спорт өңірлердегі көптеген азаматтар мен жасөспірімдер үшін әлі де қолжетімді емес. Депутат Вера Кимнің сөзінен түйгеніміз, бұл құзырлы орын мен әкімдіктер арасында байланыстың кемшін болуынан секілді. Осы олқылықтан арылу үшін Жол картасын жасап, онда мақсаттар мен шаралар нақты айқындалуы керек. Сонымен қатар заңнамадағы тұрғындардың спортпен айналысу мүмкіндігін кеңейтудің жаңа талаптарын жүзеге асыру үшін, түсіндірме жұмыстары белсенді жүргізілуі қажет. Ал, депутат Жұлдыз Сүлейменованың айтуынша, бүгінгі таңда білім беру мекемелері тарапынан спорттық жобаларға мамандандырылған спорттық ұйымдардың, атап айтқанда, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің өкілдерін қатыстыруда жүйелі және бірізді жұмыс жүргізілмей келеді. Спорт шараларына бөлінген қаражаттың, оның ішінде іссапар қаражаты, спортшылар қолына тимей жатады. Бұл – бұқаралық спорттың дамуына кері әсер ететін факторлардың бірі. Білім және ғылым министрлігі бұл үрдісті қадағалап, нақты шаралар қабылдауы керек.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ – 30 ЖЫЛ

«МЕНІҢ ЖЕТІСТІГІМ – ЕЛІМНІҢ ЖЕТІСТІГІ»



(Соңы. Басы 1-бетте)

Еліміздің атақты спортшылары туралы «Спорттағы 30 атақты есім» жобасы ұйымдастырылды. Қазақстандықтардың өз жетістіктерін Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арнауы әлі жалғасуда. Мәселен, Мария Аuezова Эверест тауының Кала-Патхар шыңына (5364 метр) шыққан әлемдегі ең алғашқы мүмкіндігі шектеулі қыз болып отыр.

– Республикалық заңип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапхана аудио форматындағы «Тұғыры биік Тәуелсіздік» өлеңдер жинағын шығарды. Енді шілде айында 30 жаңа жоғары көркемөнер туындыларын әзірлеу үшін «Елім менің» және «Тәуелсіздік толғауы» республикалық конкурстары басталады. Олардың қорытындылары Тәуелсіздік күні қарсаңында шығарылады деп жоспарлануда. Сондай-ақ, «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған 30 кинотуынды» жобасы аясында идеологиялық және тәрбиелік сипаттағы тарихи, көркем және анимациялық фильмдер әзірленеді. Тәуелсіздік күні қарсаңында ұлт-

тық киножоба – «Ұлы дала таңы» тарихи көркем фильмінің тұсаукесері өтетін болады. Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеудің соңғы кезеңі «ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ – Тәуелсіздіктің 30 негізі» атты 30 жұлдызды күн болмақ. Оның аясында мәдениет ұйымдарының күндері басталады, күн сайын әрбірдің барлық жанрындағы жаңа туындылардың тұсаукесерлері өтеді, – деді министр А.Райымқұлова.

Мәдениет және спорт министрінің айтуынша, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында туризм саласында министрлік республикалық және өңірлік деңгейде 100-ден астам іс-шара ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Мысалы, маусым-қыркүйек айларында Алматы қаласында туристік орындарында көлөнершілердің қатысуымен «Ұлы дала мұрасы» жәрмеңкесі, қыркүйек-желтоқсан айларында ұлттық және Қазақстан халықтарының тағамдарының «Kok bazar Fest», маусым-тамыз айларында Ақтөбе облысында «Көшпенділер мұрасы», тамызда Шығыс Қазақстан облысында BUQTYRMA FEST, қыркүйекте Ақмола облы-

сында «Burabike» сияқты әр өңірге тән фестивальдер өтеді.

«Киелі туризмді дамытуды ынталандыру және тарихи-мәдени объектілерге туристік қызығушылықты арттыру мақсатында ағымдағы жылдың маусым айының соңына дейін Қарағанды облысының Ұлытау ауданында «Жошы хан» тарихи-мәдени кешенін ашу, шілде айында Шығыс Қазақстан облысында «Абай жолымен» ақпараттық турын және т.б. өткізу жоспарлануда. Турға өңірдің 11 киелі орны кіреді, оның төртеуі Семей қаласында, жетеуі Абай ауданында.

Тамызда Қазақстанның қолданыстағы туристік өнімдерінің тізімін қалыптастыру мақсатында елдің бірегей тарихи-мәдени және табиғи көрікті жерлерін қамтитын 30 жаңа трансұлттық және өңірлік туристік өнімдерді әзірлеу бойынша арнайы жоба іске асырылады. Оның қатарында Ұлы Жібек Жолы бойында трансұлттық маршруттарды құру және Қазақстанның ТОП-10 туристік дестинациясы бар. Ал желтоқсанда еліміздің туристік әлеуетін ұлттық және

халықаралық деңгейде ілгерілету мақсатында Қазақстанның 30 туристік өнімдерінің каталогы құрылады.

Бүгінгі күні «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы аясында еліміздің

киелі жерлерінің бірыңғай белдеуін құру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тарихи орындарды толық жүйелеу бойынша жүргізілген ауқымды жұмыстардың нәтижесінде 831 объектіден (256-сының ұлттық, 575-нің жергілікті маңызы бар) тұратын qazmaps.kz платформасында визуализацияланған еліміздің киелі жерлерінің бірыңғай белдеуі құрылды. Сондай-ақ, киелі нысандар туралы толық ақпаратты, аңыздарды қамтитын «Киелі Қазақстан» энциклопедиясының төрт томы жарық көрді.

Жергілікті атқарушы органдармен «Рухани Жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары аясында жергілікті маңызы бар тарихи мұра нысандарын насихаттау бойынша кітаптар, энциклопедиялар басып шығарылуда, бейнероликтер, телебағдарламалар сериясы, қысқа метражды және деректі фильмдер жарық көрді, жаңа турмаршруттар әзірленді және өзге де өңірлік ерекшеліктері бар имидждік өнімдер таратылуда.

Туризм саласында жоспарланған 30 зәкірлі инвестициялық жобаның ішінде Ақтау курорттық аймағын дамыту шеңберінде Ақтау қаласында көп функционалды туристік кешеннің құрылысын жалғастыру, Маңғыстау облысындағы «Нұр» көп функционалды емдеу-сауықтыру кешені, Алматы қаласындағы «Holiday Inn Express» қонақ үйі, ТОП-10 туристік дестинациясы бар. Жалпы, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, бұл инвестициялық жобаларға 1 трлн теңгеден астам жеке және мемлекеттік инвестициялар тартылатын болады. Соның нәтижесінде 22 мың жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ДАМЫҒАН ҚОҒАМ ТАҢДАУЫ

Қазіргі уақытта дауларды реттеу мәселелеріне көбірек көңіл бөлінуде. Даулардың көпшілігі үшінші тараптың (медиация, партисипатив) қатысуымен шешіледі және консенсус негізінде жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда тараптарға жәрдемді медиаторлар көрсете алады. Олар сот органдарына жүгінбей дауларды бейбіт шешуге тырысады.

Негізінен, тараптар дауды шешу үшін сотқа жүгінеді, даудың жоқтығына қарамастан, оны соттан тыс реттеу мүмкіндігі барын түсінсе де ескере бермейді. Заңнамаларға татуластыру рәсімін енгізу азаматтық процестің кез келген сатысында дауды тиімді реттеуді дамытуға серпін береді.

Ең негізгілерінің бірі – талап арызды қабылдау кезеңінде 10 жұмыс күні ішінде татуласуды жүргізу, бұл артық уақытты, ақшаны және жағымсыз эмоцияларды болдырмауға мүмкіндік береді.

Бұл ретте тараптар татуластыру рәсімін дербес таңдайды, яғни сотта татуласу келісімін жасасуға, өзара қолайлы жағдайлар бекітілетін болады немесе медиатордың (медиатор судьясының) көмегін пайдалануға құқылы. Бітімгерлік әңгіме барысында тараптарға дауды реттеуге көмек көрсетіледі және істі бейбіт жолмен аяқтау ұсынылады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында Қарағанды облысының көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында даулардың 35%-ы медиациялық жолмен реттелді.

Қазіргі уақытта мамандандырылған отбасылық соттардың соттылығын белгілейтін заңнамаларға түзетулер енгізу, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы қызметті үйлестіретін бірыңғай консультативтік орган құру, отбасылық ресурстық орталықтарды үйлестіру жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың құ-

зыретін күшейту және отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қайшы әрекеттер үшін жауапкершілікті арттыру мәселелері қарастырылған. Республика соттарында «отбасылық сот» пилоттық жобасы іске асырылып жүр.

Соттар мүдделі тұлғалармен (дағдарыс орталығы, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, медиаторлар) бірлесіп, неке-отбасы дауларының деңгейін төмендетуге бағытталған профилактикалық жұмыс жүргізеді.

Жобаны іске асыруды талдау, тұтастай алғанда, жүргізіліп жатқан жұмыс оң нәтиже беретінін көрсетті. Яғни, ажырасулар санын азайта отырып, баланың тұрғылықты жерін анықтауға, балалармен қарым-қатынас тәртібін айқындауға, мүлікті бөлуге және басқаларға байланысты басқа да даулар реттелетінін көрсетті.

Қарағанды облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі сотқа жүгінген ата-аналар туындаған жанжалды талқылап, сотқа жүгінуге емес, келісуге тырысады. Ашу-ызаларын ұмытпай, оларды балалары арқылы шығаруға тырысатындар да бар, бірақ әңгіме барысында олар мұндай мінез-құлықтың пайдасыз екендігін және балалар үшін қауіпті екендігін түсінеді.

Мысалы, балалармен алдағы қарым-қатынастың нақты жоспарларын талқылай отырып, әке мен ана балаларының болашағы жайлы не ойлау қажеттігін түсінеді. Мәселен, ерлі-зайыптылар ажырасқанда, әкесінің көмелетке толмаған балаларымен

қарым-қатынасы сәтсіз болды. Бірақ татуластырушының көмегімен ата-аналар өздеріне ыңғайлы кестеге келді, бұл жерде тек ата-аналардың ғана емес, балалардың да талап-тілектері ескеріледі. Баланың тұрғылықты жерін анықтау туралы тағы бір дауда 11 жастағы А.-ның ата-анасы көмелетке толмаған баланың анасымен Қазақстаннан басқа шет аймаққа барғандағы тұрағы жайлы келісті. Тараптар қыздарының болашағы екеуіне де ортақ екендігін түсінді. Екі тарап та баланы назарында ұстауға, баламен үнемі байланыста болуға уағдаласты. Жанжалды бейбіт шешуге ұмтылу жағдайды түсіндіруге жасалған қадамнан басталады.

Тараптардың бірі өз әрекеттерін жасырып, кез келген жанжалды жоққа шығаруға тырысатын да жағдайлар бар. Ал келесі тарап оны әшкерелеуге ұмтылады. Медиатор осы жағдайды таразылап, бітім тәртібінде екеуін ортақ шешімге, ересек адамдардың шешімін қабылдатуға тырысады. Қолжеткізілген келісім ата-ананың баламен қарым-қатынас жасау құқығын қорғауға мүмкіндік берді.

Медиация шеңберінде келіссөздер жүргізу процесі барлық тараптардың арасындағы жағдайды шөла отырып, олардың ортақ пікірге келуіне, ымыраға көнуіне, отбасылық қатынастарды сақтауға, мүлікке, балаларды күтіп-бағу және тәрбиелеу мәселелеріне байланысты әділетті шешімге келулеріне атсалысады. Проблеманың барлығын жанжалсыз шешуге ұмтылады. Қандай жағдайда да медиацияның тиімді тұстары зор. Медиациялық тәсілмен мәмілеге келу – дамыған қоғам адамының шешімі. Бұл тәсілде қазақтың өнегелі әдісі жатыр. Ендеше, дауласушы тарапты ортақ мәмілеге келтіру алдағы уақытта да өзінің өзектілігін жоймайды.

Динара МУТУБАЕВА,
көмелетке толмағандардың
істері жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының төрағасы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ТАРАЗЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР – КӨПКЕ ҰЛҒИ

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметшілердің әрбір ісі халықтың ұдайы назарында. Олар өздерінің іс-әрекеттерімен көпке үлгі болуы тиіс.

Күнделікті қызметінде тұрғындардың түрлі талап-тілектеріне құлақ асып, мәселелерімен айналысатын мемлекеттік қызметшілерге тиісті әдеп нормаларын сақтау – көпке ортақ міндет. Мемлекеттік қызметшілердің басты ережесі саналатын Әдеп кодексі ҚР Тұңғыш Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген. Осы Жарлық бойынша лауазымды тұлғалардың әдеп нормалары заң талаптарына сай болуы жөн.

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің имиджін арттыруға, этикалық нормаларды сақтауға үндейді. Әдеп кодексіне сәйкес, мемлекеттік қызметшілер этика талаптарын сақтауға міндетті.

Жалпы, мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс. Халыққа мемлекеттік қызмет көрсетушілер жұмыс уақытынан бөлек, бос уақытында да Әдеп кодексін ұстануы қажет. Оның ішінде қызметкердің сыпайы, адал, сабырлы, салмақты, ұқыпты болуы және кез келген ортада өзін іскерлік стильге сай ресми түрде ұстауы міндеттелген. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшінің әділ де заңды шешімдер қабылдауы, жалған ақпарат-



ты таратпауы, сын айтқаны үшін біреуді қудаламауы және мемлекет меншігін тек қызмет бабында пайдалануы қажет. Мұнан бөлек мемлекеттік қызметші жемқорлық фактісіне жол бермеуі, қол астындағыларды кемсітпеуі және қызметкерлердің барлығына құрметпен қарауы тиіс.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкерлердің мінез-құлық мәдениеті мен кәсібилігі туралы қоғамда оң пікірді қалыптастыруға тырысуы керек. Мемлекеттік қызметші жан-жақты дамыған тұлға болуы тиіс, үнемі салауатты өмір салтын ұстануы және отбасы құндылықтарын насихаттауы қажет.

Әсел АЯПОВА,
Ақмола облысы бойынша
Сот әкімшісінің персоналды
басқару бөлімінің бас маманы

БОЗЖЫРА ТУРИЗМ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛАДЫ

Маңғыстау облысындағы Бозжыра шатқалын әлемдік деңгейде танытудың жалғыз жолы – жабайы туризмді реттеу. Мамандар осындай ұсыныс жасап отыр. Олай етпесе, табиғи орта бұзылып, бағалы аң-құстар жойылып кетуі мүмкін. Ол үшін шатқалдан шеткері жаққа арнайы орталық құрып, туристерді қатаң бақылап отыру керек дейді.

Тұмса табиғатқа толы Бозжыра шатқалы теңіз деңгейінен 224 м биікте жатыр. Теңдесі жоқ табиғи құбылыс болғаннан соң, жылына мыңдаған турист осы сұлулықты тамашалауға келеді. Жергілікті билік олардың есебінен көптеген табыс көзін дамытып, сол арқылы бюджетке кіріс кіргізуге болатынын айтып отыр. Мәселен, соңғы 2 айда жергілікті бюджетке 670 мың теңге кіріс кірген.

Ырзықбай Жанқанат Маң-

ғыстау жерін көру үшін Қарағанды облысынан келген. Отбасымен арнайы келіп, табиғаттың күдіретін өз көзімен көргеніне риза. «Келген соң құр теңізді көріп кетпей, осында да келдім. Табиғаты керемет, оған сөз жоқ. Бір ғана кемшілік – тамақ ішкен соң қоқыс тастайтын жердің жоқтығы, инфрақұрылымның дамымағаны. Өңірдің табиғи түрі ұнайды, таза табиғат осындай тұмса қалпында сақталса жақсы», – дейді ол.

Соңғы 2 айда Бозжыраға 2 мыңға жуық адам келген. Әр адамға кіру құны – 291 теңге. Бірақ оларды қатаң бақылау мүмкін емес. Шатқал «Жабайы-ұшқан» қаумалы аумағына кіреді. Қаумал 316 мың гектарға созылып жатыр. Оны екі инспектор ғана қадағалайды. Алайда, маман мен көліктің аздығы туристерге тосқауыл болып отырған жоқ. Аймақты тамашалауға ниеттілер көп. Саяхатшылар соңында шашылған қалдықтар мен үйілген коқыстар қалады. Сенбі, жексенбі, әсіресе, мереке күндері жағдайды реттеу өте қиын көрінеді.

Мәселен, «Жабайы ұшқан» табиғи қаумалының аға инспекторы Наурыз Әнесов:

– Біздің инспекторлар туристерді тіркейді, төленген түбіртек арқылы кіргізеді. Тір-



келмей жатқандары көп. Оның дәлелі осы қоқыстар. Жеке адамдарды толық қадағалау қиын. Тек көліктерін тексеріп, қарумен кірмеуін, табиғи ортаның, аңның тыныштық ортасын бұзбауын тексереді. Осы жерге шлагбаум, қоқыс жәшік-

терін қойып, айына 1-2 рет тазалауға жағдай жасауға хат жолдап жатырмыз», – дейді.

Бозжыраны туристердің тап-тауынан сақтаудың жалғыз жолы – жабайы туризмді мәдени туризмге айналдыру дейді мамандар. Болашақта арнайы орталық

құрылып, тас жолдар төселіп, туристерге барынша жағдай жасалғаны дұрыс деп санайды.

«Туристерді қабылдайтын орталық салу керек. Осы жерден емес, қашықтан. Бекет атадан 10 км жолдан бері қарай тас жол салу керек. Ол жоба жасалып жатыр. Төмен түсетін 18 км жол да керек. Көліктерін сол жерге қалдырып, жылы, түйе, велосипедпен, әуе шарларымен көтерілуге де болады. Бір ғана мақсат – транспорттың жүрісін бәсеңдетіп, туристердің жүрісін реттеу керек», – дейді Экология саласының үздігі Орынбасар Токжанов.

Олай етпесе, осы маңда тіршілік ететін «Қызыл кітапқа» енген мыңдаған арқар, қарақұйрық, ителгі, қара бүркіт, сабан-жы сияқты аң-құстар ортасы бұзылады. 35 млн жыл бұрын мұхит астында болған мына сайын дала қазір шатқалға айналып, көптің көзайымы боп тұр. Әлемде теңдесі жоқ жәдігерді сақтай отырып, туризмді дамыту жобасы жасакталуда. Жобаның артық-кемі алдағы уақытта сараланатын болады.

Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ



Н.ЕСКАЛИЕВ,
Казталов ауданының №2 аудандық
сотының аға сот приставы

ЕҢ ТИІМДІ ЖОЛ –ТАТУЛАСУ

«Соттағы татуластыру рәсімдері» жобасын жүзеге асыру барысында татуласқан даудың екі тарапы да жанжалдың бітіммен аяқталуының дұрыстығын растайды. Жоғарғы Соттың Төрағасы Ж. Асанов «Татуласу қашан болса да – жанжалды шешудің ең жақсы жолы» деген-ді. Татуласуға жасалған қадам – бейбіт мәміле бастауы, тыныштық кепілі.

Соттағы бұл қадам қоғамдағы жанжалдың деңгейін азайтады. Статистиканы төмендетіп, дауларды сот талқылауынсыз реттеуге, өткізуге себепкер болады. Қандай да бір дауларды бейбіт шешудің маңызды тетігі де бүгін осы татуластыру рәсімдері болып отыр.

Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы, Жалпақтал ауылдық округінің медиаторлары «Соттағы татуластыру

рәсімдері» жобасын жүзеге асыру мақсатында айтарлықтай жұмыстар жүргізіп, осындай игілікті істерге жетекші болып жүр. Қазіргі уақытта Казталов ауданының №2 сотына қарасты сегіз ауылдық округінде, 14 кәсіби емес медиаторлардың жанжалды жағдайлардың санын қысқарту ісіне қосып отырған үлесі елеулі.

Атап айтар болсақ, Казталов ауданының №2 соты 2021 жылдың 4 айында 6 қылмыстық істі қарап, соның біреуін медиация арқылы қысқартып, тараптардың татуласуына ұйтқы болды. Бұдан бөлек, осы уақыт аралығында 24 азаматтық іс қаралып, соның алтауы бітімгершілікпен аяқталды, бұл барлық қаралған істердің 33 пайызын құрап отыр. Сондай-ақ, осы кезеңде қаралған 81 әкімшілік істің 14-і медиация тәртібімен қысқартылған.

Тараптардың татуласуы – бұл өзара бітімге келу арқылы негізгі сот дауын тоқтату.



КИЕ

«ТІЛДЕН ҚЫМБАТ НӨРСЕ ЖОҚ»

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін біріміз даңғазға жасамай жұмыла жұмыс жүргізіміз керек» деп атап өтті.

Тіл – ұлттың ең басты байлығы, тәуелсіздігіміздің тұмары, азаматтығымыздың айғағы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Сондықтан елімізде мемлекеттік тілдің мәртебесін тиісті деңгейде көтеру мәселесі ешуақытта өзектілігін жойған емес. Еліміздің Тәуелсіздік алғанына 30 жылдай уақыт болса да, қазақ тілінің қоғамдық қатынастарда, мемлекеттік қызметте қолданылу мәртебесі әлі де болса биік деңгейге жете алмай отырғаны өкінішті. Отбасында бір ауыз орысша сөйлемейтін қазақтардың үйінде дүниеге келген балаларымыздың тілі орыс тілінде шығып жатыр. Қазіргі таңда оған кінәлі смартфон. Бала тәрбие мен ілімді сол смартфон арқылы ғаламтордың тілінде алып жатыр. Қазақ тіліне аударылған мультфильмдер мен қызықты бағдарламалардың саны аз, сапасы сын көтермейді. «Ел болам десең, бесігінді түзе» демекші, ана тілімізге құрметті бесіктен бастауымыз қажет. Тілі енді шығатын бүлдіршіндерге арналған қызықты қойылымға толы бағдарламалар жасалса, мультфильмдер балаларға түсінікті тілде аударылса, нұр үстіне нұр болар еді.

Мемлекеттік тіл – Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдармен ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі

басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі. Ол біздің сот жүйесіне де тікелей қатысты. Қазіргі таңда сот саласында да орыс тілінде қарайтын істер азаймай келеді. Кейде сот процесі өтетін залда бес қазақ отырып, істің орыс тілінде қаралатыны жанына батады. Яғни, сот процестеріне арыз қай тілде берілсе, іс сол тілде қаралады. Жергілікті соттарда іс қағаздарын жүргізу, ішкі және шығыс құжаттары, жоғары сатыдағы соттармен және басқа да мемлекеттік мекемелермен хат алмасу 100 пайыз тек мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Тегеуріні мықты тіліміздің құнарлы қазынасы бізге бабалардың қаны мен жаны арқылы мирас болып жеткені баршамызға мәлім. Ал енді, қазақ еліне тән рухани құндылықты, ұлттық рухты, шұрайлы тілімізді сақтап қалу, оны дамыту мен өркендету қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі болуы шарт.

Сондықтан мен өз замандастарымды «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп ақын Қадыр Мырзалиев айтқандай, басқа тілді біле отырып, ең алдымен өз ана тілімізді құрметтеуге шақырамын. Қазақ тілінің тағдыры қазақтың өз қолында.

Ақын Мағжан Жұмабаев «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде көп ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады» – деген екен. Сондықтан ең қымбат қазынамыз – ана тілімізді бағалай білейік, оның елімізде басқа тілдерден мәртебесінің жоғары болуына, кейінгі ұрпақтың санасынан өшіп қалмауына ат салысайық.

Бабырхан АБУЕВ,
Мойынқұм аудандық сотының
төрағасы
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ



ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІ



18 мамыр – Халықаралық музей күніне орай 3К-169/1 тегреу изоляторының шаруашылық бөліміне қалдырылған сотталған азаматтар облыстық өлкетану мұражайына қойылған тарихи жәдігерлерді заманауи форматта – онлайн түрде көріп білді.

Мекеменің тәрбие бөлімінің ұйымдас-

МҰРАЖАЙҒА САЯХАТ ОНЛАЙН ФОРМАТТА ӨТТІ

тыруымен болған бұл іс-шараның мақсаты – сотталғандарды өлке тарихымен таныстыру, тарихи түсініктерін арттырып, ұлттық мәдени көзқарастарын дамыта отырып, патриоттық тәрбие беру.

Музей қызметкері Шаған Ұлпан сотталғандарды алдымен өсімдіктер мен жануарлар залындағы «Қызыл кітапқа» енген Қызылорда аумағын мекендейтін жан-жануарлар мен өсімдіктерге арналған көрмемен таныстырды.

Ал, археология залындағы көне ғасырларда пайдаланылған еңбек құралдарын көргенде жазасын өтеушілер тарих пәнінен алған білімдерін еске түсіріп, өзара әңгіме талқы жасады. Бұдан бөлек, барлық басқа да тақырыптық экспонаттар мен тарихи жәдігер-

лерді көрген жазасын өтеушілер өз тарапынан туындаған сұрақтарды қойып, мұрағаттарға үлкен қызығушылықтарын білдірді.

Мен бұл музейде бұрын болғанмын. Маған этнография залы мен мәдениет және өнер залына қойылған заттар ұнады. Жақын арада бостандыққа шықсам, Сыр елінің айтыскер ақыны Мұхтар Ниязовтың мұражайға сыйға тартқан «Алтын домбырасын» көзбен көріп қайтамын, – деді Н.есімді сотталған.

Сотталғандарды қоғамға қайта бейімдеу мұражай қызметкерлерімен бірлесе атқарған бұндай іс-шаралардың тәрбиелік маңызы болары анық.

Қызылорда облысы бойынша
ҚАЖД



ҚҰРЫҚ

ЕСІРТКІ САУДАЛАУШЫЛАРҒА ҮКІМ ШЫҚТЫ

Нашақорлық – қоғамды алаңдатып отырған ең өзекті әлеуметтік мәселелердің бірі. Ал, нашақорға сол есірткіні сату – ең ауыр қылмыс. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда осы кесапатты саудалаушылар қатары көбейіп кетті.

Есірткі затын немесе психотроптық затты сату – бұл рецепт-торға немесе ол қабылдаған адамға берілген кезге дейін ол басқа тұлғаға тиесілі болған жағдайда немесе басқа тұлғаға тиесілі болса, жауапкершілік те, жазаға тарту да сол адамнан басталуы керек.

Осы жылы К. деген азаматқа қатысты қылмыстық іс қаралды. Ол 2020 жылдың мамыр айында Жамбыл облысының Меркі ауданында жабайы көкнәр жинап, оны кептіріп, «гашиш» есірткісін заңсыз сатып алып, сақтаған. Өзінің қылмыстық әрекетін жүзеге асыру үшін ол алдын ала сөз байласу арқылы Ақмола облысы, Целиноград ауданының аумағында «гашиш» есірткісін аса ірі көлемде заңсыз сату мақсатында азамат И. мен келіскен.

2020 жылдың 13 маусымында шамамен сағат 15.00-де Алматыдан келген пойызбен К. деген азамат Нұр-Сұлтан теміржол станциясына тоқтайды, ол өзінің қол сөмкесі арқылы «гашиш» есірткі затын аса ірі көлемде заңсыз сақтап, тасымалдайды. Такси

жүргізушісі оның қылмыстық ниеті туралы білмейді. Жүргізуші оларды өз көлігімен қалаған жеріне жеткізеді. Сол жерде Ақмола облысының полиция қызметкерлері азамат И. мен К-ні және такси жүргізушісін ұстады. «Фольксваген Гольф» автокөлігін сөмкесі табылды, одан бөлек-бөлек салынған 11 пакет гашиш тәркіленді, жалпы салмағы 10 916 грамм, ол сәйкесінше ең үлкен өлшемдердің бірі.

Айыпталушылар тағыылған айыпты толығымен мойындап, жасаған істеріне өкінетіндіктерін айтты.

Ақмола облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 2021 жылғы 8 сәуірдегі үкімімен екі сотталушы да ҚР Қылмыстық кодексінің 297-бабы 3-бөлігінің 1, 3-тармақтарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылды және олар 10 жылға бас бостандығынан айырылды.

М.БИЛЯЛОВА,
Ақмола облысының қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
сотының кеңсе менгерушісі

ӨРТУРА

5. Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 14 мамырдағы ұйғарымымен «Уразбаева К.Е.» ЖК-не, ЖСН 640210400457, қатысты оңалту рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Нақты мекенжайы: ҚР, Нұр-Сұлтан қаласы, Қорғалжын тас жолы, 23, НП-2.

8. «TAS FINANCE GROUP» ШҚҰ» ЖШС, БСН 100240019642, «TASCREDIT ONLINE» Lombard» (TACKPEДИT ОНЛАЙН Ломбард) ЖШС-не, БСН 190740005409, қосылу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Жароков көшесі, 124-үй, 8-қабат.

9. «TASCREDIT ONLINE» Lombard» (TACKPEДИT ОНЛАЙН Ломбард) ЖШС, БСН 190740005409, «TAS FINANCE GROUP» ШҚҰ» ЖШС-не, БСН 100240019642, қосылу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Жароков көшесі, 124-үй, 8-қабат.

15. «Global plan» ЖШС, БСН 191140015417, жаңа заңды тұлғаның құрамынан бөлініп шығуы арқылы өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 17/1 үй, 3-пәтер, пошта индексі 010000.

17. «Іле корпорациясы» ЖШС, БСН 040740001238, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Несиегерлердің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 115-үй.

18. «Жетісай» аудандық газеті» ЖШС, БСН 040440007711, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, Ш.Айманов көшесі, 9А құрылысы.

19. «Жаркынкөл» ЖШС (әрі қарай – «Серіктестік»), Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңына сәйкес, өзінің қатысушыларына Серіктестік қатысушыларының кезектен тыс бетпе-бет. Жалпы жиналысы 2021 жылғы 26 маусымда сағат 12.00-де Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданы, Жаркен ауылы, Басты көшесі, 2/1 мекенжайында келесі күн тәртібі бойынша өткізілетіні туралы ескертеді:

Қаржылық көмек келісімшартын бекіту туралы;

Егіс науқанына дайындық үшін келісімшартын бекіту туралы.

«Жаркынкөл» ЖШС атынан Жылжымайтын мүлікте кепілге қою келісімшартын жасау туралы.

«Жаркынкөл» ЖШС Бақылау кеңесі мүшелерінің өкілеттілігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы және жана мүшелерін сайлау туралы.

«Жаркынкөл» ЖШС-нің Жарғысына өзгерістер енгізу туралы.

Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысын өткізу кезеңінде СКО Бас мемлекеттік санитарлық дерігерінің «Солтүстік Қазақстан облысының аумағындағы карантиндік шектеу шаралары туралы» Қаулысын ескере отырып, жиналыс бейне-конференц байланысы арқылы өткізілетін болады.

Қатысушылардың жалпы жиналысын өткізу бойынша қосымша сауалдарды қою үшін мына тел.: 87772975566 нөміріне хабарласу қажет.

ТАРАТУ

2. «Құмкөл» ауылдық тұтынушы кооперативі, БСН 111140014424, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Құмкөл ауылы.

3. «NurAi.Со» ЖШС, БСН 970740000055, өзінің несие берушілеріне Нұр-Сұлтан қ. МАЭС ұйғарымымен . «NurAi.Со» ЖШС-нің банкрот деп тану туралы арызы қарауға қабылданып, азаматтық іс қозғалғаны туралы хабарлайды. Аталған азаматтық іс бойынша сот отырысы 2021 ж. 01.06. сағат 09:25-те Нұр-Сұлтан қ. МАЭС ғимаратында Нұр-Сұлтан қ., мекенжайы бойынша өтеді. Сауран, 32.

6. «Көкшетау» әскери самбо федерациясы» КБ, БСН 151140024895, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Құсайынов көшесі, 9А.

7. «Баубек» ЖШС-і, БСН 981040007606, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қ.ә., Арал қ., Абилхаир хан көшесі, 5.

10. «Швейник» ЖШС, БСН 000940000120, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Елизаров көшесі, 48. Тел.: 87112514756.

11. «QUICK CLEAN» ЖШС, БСН 210140013404 (Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, Қазыбек би көшесі, 29-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Восток ықшамауданы, 35/6 үй. Тел.: 87072170097.

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3,55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директор-ы Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argdawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8 (7282) 24-29-66, 87058447221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы

Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:

zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

ЖК «KAIROs» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қылысы, 208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

ТАРИХИ ҚҰНДЫЛЫҚ

ДАЛА ЗАҢДАРЫ – ДАНАЛЫҚ ҮЛГІСІ



Қазақстан тарихындағы ең маңызды кезеңдердің бірі – Қазақ хандығының құрылуы. Хан – мемлекеттік құрылымдағы ең жоғарғы билік өкілі, елдің бас төрешісі. Жүз, ру арасындағы ірі даулы мәселелер ханның қатысумен шешілген. Қазақ халқының хандарды «ақ киізге» ел болып көтеру дәстүрі хандық билікті мойындауы болып саналды.

Қазақ хандары заңдарының негізі қазақ халқында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптық ережелерден жасалған. Заңдар «Жарғы» деп аталады, ол «әділдік» дегенді білдіреді. Дауды әділ, тура шешкен билерді «қара қылды қак жарған» деген, яғни, жарғы заңының мәні осында. Қазақ хандығын құрған Жәнібек пен Керей болса, қазақ шежіресінде мемлекеттік және құқықтық ереженің қалыптасуына негіз болған үш заң – «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және өз-Тәукенің «Жеті жарғысы».

Қазақ хандарының іргесін қалаған Қасым ханның билігі (1511-1523 ж.ж.) кезінде мемлекетті нығайту, заң ережелерін бір қалыпқа келтіру, көшпенділер мойындап келген билер заңын күшейту бойынша жұмыс жүргізілді. Бұл қағидалар «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталған заңда көрініс тапқан. Заңның жазбаша нұсқасы бізге жетпеген, тек ғалымдар деректері бойынша бес бөлімнен тұрғаны белгілі: 1. Мүлік заңы (мал, мүлік, жер дауын шешу ережелері); 2. Қылмыс заңы (кісі өлтіру, ел шабу, мал барымталау, ұрлық қылмыстарына жаза); 3. Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат); 4. Елшілік жоралары (шешендік, халықаралық қатынастарда сыпайылық, әдептілік); 5. Жұртшылық заңы (ас, той, мереке үстіндегі ережелер, жасауыл, тұтқа-уылдардың міндеті). Қасым хан мемлекет мүддесін, ел тыныштығын бәрінен жоғары бағалаған. Ол шариғат заңын қабылдамағанымен, ислам діні уағыздарының жақсы жағын көре білді.

«Қасым ханның қасқа жолы» бір ғасырдай қолданыста болған соң, толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, түрленген заң «Есім ханның ескі жолы» аталған. Деректерге қарағанда, Есім хан тұсында (1598–1645ж.ж.) «Хан болсын, ханға лайық заң болсын», «Абыз болсын, абыз сыйлау парыз болсын», «Би болсын, би түсетін үй болсын» деген ережелер енгізілген.

Мемлекет ішіндегі мәселелердің күрделенуі

ҚАЗЫНА

АСЫЛ МҰРА

Әлемдік өркениет көшіне қазақ ана тілі арқылы ілеседі. Бүгінгі жас ұрпақтың да көңіл көкжиегі туған тілі арқылы қалыптасады. Ұлттық сананың қозғаушысы да осы тіл. Ендеше, бұл елдіктің көрінісі. Сол себепті де мемлекеттік мекемелер мен бүкіл күштік құрылымдар іс қағаздарын, қызметін мемлекеттік тілде атқаруы тиіс.

Қазіргі таңда Қазақстан билігі осы міндет удесінен шығуға тырысуда. Халық демократиялық ашық қоғамда өмір сүріп жатқандықтан, кез келген шенеуніктен мемлекеттік тілді талап етуге құқылы екендігін түсінді. Елдегі сот саласы да халықтың

талап-тілегімен санасып, қазіргі таңда бүкіл іс-қағаздарын, сот процестерін мемлекеттік тілде жүргізіп жүр. Мемлекеттік тіліміздің құқығы ел заңдарымен қорғалады. Тілді қорлауға, мазақ етуге жол берілмейді.

Қазақтың белгілі ақыны М.Жұмабаев: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс-тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады», – деген болатын. Ендеше, мемлекеттік тіл, ана тілі әрбір қазақстандық үшін үлкен мақтанышқа айналуы керек. Рухани-мәдени байлықтың көрінісі іспеттес болған туған тіл ұрпаққа да таза

Есім ханды белгілі бір дәрежеде саяси өзгерістер жасауға жетеледі. Билікті күшейтудің бір жолы мемлекеттің құқықтық негізін бекіту екенін жақсы түсінген Есім хан бейтарап заңдарды азайтқан. «Есім ханның ескі жолы» заңында ердің құнынан кейін ең қымбат зат ретінде жүйрік ат көрсетілген, оны кісі өлімі бабының бір тармағына енгізіпті. Оның себебі, сыртқы жаумен шайқастағы ең күшті соғыс құралы деп санағандықтан. Есім хан қағидасы бойынша ауыр жазаның үш түрі бар: жан жазасы, мал жазасы және ар жазасы. Адам жазаны басыммен тартады (өлім жазасы, дүре соғу, маскаралау, елден қуу), не малымен (құн төлеу, айып тарту).

Тәуке хан (1680–1718ж.ж.) таққа отырысымен ел бірлігіне тірек болатын шараларды батыл жүзеге асыра бастады. Ол елдің іргесін аман сақтауда сыртқы саясатты білгірлікпен жүргізіп, дұшпанға бой алдырмаған көреген қолбасшы, ақылды реформатор ретінде танылған. Тәуке хан қабылдаған заң қазақ тарихында «Жеті жарғы» деп аталған. Осылайша «Қасқа жолдың» бұрынғы бес тарауына тағы екі тарау қосылып «Жеті жарғы» аталды. Қосылған екі тарау: жер дауы мен құн дауы туралы заңдар.

Тәуке хан «халық кеңесі» мен «билер кеңесін» тұрақты орган ретінде қалыптастырып, олардың рөлін арттырды. Сонымен бірге, құқық ережелерінің кейбір салаларына (отбасы, неке) шариғат ережелерін енгізді. Хан тұсында қырық рудан құралған қырық би болыпты. «Ханда қырық кісінің ақылы бар» деген сөз сол кезден қалған. Сонымен бірге, жыл сайын белгілі бір мерзімде Күлтөбеде үш жүздің басын қосып жиын өткізіп тұрды.

«Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және өз-Тәукенің «Жеті жарғысы» қазақтың дала заңын жақсы меңгерген, жеке өнегелік қасиеттері бар билері, данағой ақсақалдар кеңесі дауласқан екі жақты бітімгершілікке келтіріп, қазақ қоғамының тұрақтылығы мен беріктігіне ұйтқы болған. Дала заңына сүйене отырып қазіргі кезде жеке және заңды тұлғалар арасындағы даулар бітімгершілікпен, аралық сотпен немесе медиация тәртібімен шешілуде. Келісімге келуден тараптар ұтпаса, ұтылмасы анық.

Қалжан ЕРМАҒАНБЕТОВА,
Есіл аудандық сотының судьясы
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

ТҰҒЫР

ТАҒЫЛЫМ

Қаз дауысты Қазыбек би – қазақ халқының ұлы биі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Биыл әділ бидің туғанына 350 жыл толады (1667–1763). Дала данышпаны деген атаққа ие болған Қазыбек Келдібекұлының мерейтойы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Егіндібұлақ аулында атап өтілмек.

Қазыбек би өз-Тәукенің тұсында хан кеңесінің белді мүшесі ретінде ел арасындағы дауларды шешуге атсалысқан. Би бабамыз – алғашқы әдет-ғұрып заңдарының жинағы «Жеті жарғыны» құрас-тырушының бірі. Қазыбек би Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандар ел билеген кезде де ішкі-сыртқы саясатқа араласып, ақыл-кеңестер беріп отырған. Ол – қазақ пен қалмақ хандықтары атысып-шабы-сып тұрған жаугершілік заманда елшілікте жүріп, көршілес екі елдің арасын уақытша болса да бітімге келтірген би. Өткір тілі мен шешендігі үшін Қаз дауысты Қазыбек атанған бабамыз Түркістан-дағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде жерленген.

ТӨБЕ БИ

Қазыбек Келдібекұлы – батырлармен бірге жасак құрып, жоңғар басқыншыларына қарсы халық-азаттық күресін ұйымдастырғандардың бірі. Биден жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, заңын мейлінше мол меңгергенін, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғанын аңғартады. Ел аузындағы аңыз-әңгіме-лерге қарағанда, ол Тәуке ханның белгілі би-батыр-лары бастаған елшілеріне ілесіп алғаш рет қалмақ қоңтайшысы Цэван Рабданға барғанында 14 жаста екен. Қылышынан қан тамған қаһарлы қалмақ ханының алдында қазақ билері жасқанып, күмілжіп қалған сәтте жасөспірім Қазыбек: «Дат, тақсыр!» деп жұлқынып алға шығады да:

...Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды, Анадан қыз туса – құң боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен құң етіп отыра алмайтын елміз.

Сен темір болсаң, біз көмірміз – еріткелі келгенбіз,

Қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге – танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең – шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммін – жабысқалы келгенбіз. Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жерінді айт!» – депті. Жас баланың бұл сөздерінен бас алыспақ батырлықты да, ынтымақ-а шақырған ізгілікті де аңғарған қалмақ ханы әділдікке жығылып, өжеттігі мен шешендігіне риза болып: «Дауысың қаздың дауысындай екен, бұдан былай сенің есімің Қаз дауысты Қазыбек болсын», – деген екен.

Қоңтайшы өзінің жеңілгенін кейін мойындап: – Сендер білген жоқсындар! Сөйлеген кезде, екі иығынан екі аю аузынан от шашып «тыпыр етші, көрейін» деп тұрды. Мінекей, енді бұған қай-тарар сөзім жоқ, мал мен жанын есептеп, алдына салып беріндер, – депті.

Қазыбектің табандылығы мен тапқырлығының арқасында ғана осы сапарда қазақ елшілері теңдік-ке жетіп, тұтқындалған адамдарын, айдап әкеткен малдарын қайтарып алып, елге олжалы оралған екен. Қазыбек бұдан кейін де жоңғарларға екі рет елшілікке барып, ел намысына дақ түсірмей, көз-деген мақсатын орындап қайтқан.


Абылай сұлтан тұтқынға түскенде де, Қазыбек би дипломаттық айла-әрекетін жасаған. Би 1762 жылы Абылай сұлтанға Қытай боғдыханынан іргені аулақ салуға кеңес берген. Қазыбек мемлекет істерімен қатар руаралық, сұлтандар арасындағы кикілжің тартыстарға да әділ билігін айтып отырған.

Бидің бүкіл саналы ғұмыры қазақ елінің өз ішінде рулық-тайпалық алауыздықтар мен хандық билікке таластың неғұрлым өршіген, көрші мемлекеттердің көз тігуі жиілеп, жоңғар шапқыншылығы үдеген кезге тап келді. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Бас бидің бірі еткен.

Қазыбек би қалыптасқан тарихи жағдайға өз бағасын дұрыс бере отырып, қазақ халқын ынтымақ пен бірлікке, руаралық дауларды тоқтатуға, көрші халықтарымен достық қарым-қатынастарды орнатуға шақырып жүрген. Халық ауыз әдебиетін-де Қазыбек бидің нақыл сөздері өте көп сақталған.

Тәуке хан 1716 жылы қайтқаннан кейін ел ішін-де алауыздық туындағанда, халықтың тағдырын

үш бидің бірігіп шешуі – Қазақ елінде ғана болған жағдай. Тап осы кезде үш би ақылдасып, Қазақ елінің жағдайын толғанып, бүкіл елден қайта жасақ құрып, «соңғы рет жоңғарлармен күреске шығайық, жеңіске жетсек, әрмен қарай ел болып қалармыз, жеңілсек, тарихтан жойыламыз» деген болатын. 1723 жылы қолбасшы етіп Қанжығалы Бөгенбайды тағайындайды. 1728 жылға дейін сарбаз жинап, Ұлытаудың басында ертедегі темір қорытқан пештерді қайтадан жүргізіп, қару-жарак дайындауға келіседі. Сөйтіп, бес жыл болаттан қару-жарак, сауыт-сайман жасап үлкен қол жиып, 1728 жылы Бөгенбай бастаған қарулы қол атақты Аңырақай шайқасының басы Ұлытаудың Бұланты өзенінің бойында өткен. Ұлы қырғында жаудың бетін қайтарып, 1733 жылдарға дейін жоңғар мен қалмақтарды оңтүстік-шығысқа қарай ығыс-тырады. Бұдан кейін Ордабасында 1733 жылғы Әбілмәмбет ханның соғысы болды. Мұнда Са-балақ батыр (Абылай хан) жасындай жарқырап,



жоңғарларға екінші сокқы берді. Үшінші сокқы жоңғар қақпасындағы Қабанбай бастаған соңғы шайқаспен түйінделді. Бұл шайқастар қазақтың ел болып сақталуында үлкен рөл атқарды.

Шокан Уәлихановтың XVIII ғасырдың батыр-лары туралы жазған тарихи мақаласында «Үш жүздің батырларынан сіз кімді артық көресіз?» деп Абылайдан сұрағанда, ол «Бізге дейінгі екі кісіге таңғалуға болады. Олар тоқсан туысын тұтқыннан құтқарып алған қаракесек Қазыбек және тағы сон-дай өзінің тұтқында кеткен адамын босатып алған уақ Дәрбісәлі» деп жазған екен.

Ел үшін үш жанқа тартып, дау бітімі бытырамас үшін қазаққа «Төбе би» сайлау қажеттігі туындай-ды. Себебі, «Би екеу болса, дау төртеу болатынын» белгілі. Осылайша төбе билікке талас басталады. Ұлы жүз «Біз боламыз, өйткені жасымыз үлкен ағамыз» десе, Кіші жүз «Біз боламыз, өйткені қара шаңыраққа не біз, жолымыз үлкен» дейді.

– Аға төреші болмайды, алдында қаймығары жоқ, іні төреші болмайды, артында қайырылары жоқ. Айбар қылар алдында ағасы бар, қаймығар-лық артында інісі бар, екі жағынан да қаупі зор, сол себепті, әділ айтатын төбе билік ортаншы ұлға лайық! – деп, қаракесек Қазыбек қазаққа «Төбе би» сайланады.

Қаз дауысты Қазыбек бидің бойынан елжан-дылық, ұлтшылдық-сынды қасиеттерді аңғарамыз. Ө дегенде оның өз елін өз жанынан артық көретінін байқаймыз. Екіншіден, ол – асқан шешен, ақын, ұшқыр ойлы көреген кісі. Үшіншіден, ел басқарып, қиындықта жол тапқан әділ қазы. Төртіншіден, ол – халықаралық дәрежедегі елші-дипломат, қоғам қайраткері. Бесіншіден, көріпкел-әулиелік қасиеті бар ерекше тұлға.

Би – мәселелерге тереңнен үңіле білетін, мәселенің түйінін бағалай және шеше білетін, осының арқасында хандар мен билеушілерден кем түспейтіндей әсер ететін адам. Өз халықтың өздері мақтан тұтатын, олардың ерліктері, жеңіс-тері, жетістіктері және т.б. үшін алғыс білдіретін есімдері болады. Неше ғасыр өтсе де, күні бүгінге дейін қаз дауысты Қазыбек бидің ұрпаққа қалдыр-ған мұрасы – асыл қазына.

Асқар ЗИАДА,
Ақмола облысының Қорғалың ауданының судьясы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Жанахмет АҒЫБАЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
 Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
 ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали
 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы Арсен Саттаров
 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сабырбек Олжабай
 8 701 385 72 75.
 Шадияр Мекенбайұлы
 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы Талғатжан
 Мұхамадиев
 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
 Х.Досмұхамедұлы көшесі
 68 «б»-үй.
 Қабылдау белмесі:
 292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
 сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №68 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты та-лап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады. Газетті есепке қою туралы №16297-Ғ куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтар-да Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген. Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б». «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31